



8413432  
bi. sp. → 025

 **Уақыт  
және  
қаламгер**



**Қалихан Ысқақ**

**Кейінгі ұрпақ  
келешекке кеніл  
бола ма?**



Қалихан ЫСҚАҚ

# Кейінгі ұрпақ келешекке кепіл бола ма?

К



36380(2) Алматы "Білім" 2003

**ББК 84 каз 7-44**  
**Ы 88**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат  
және қоғамдық келісім министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды.*

**Ысқақ Қ.**

**Ы 88** Кейінгі ұрпақ келешекке кепіл бола ма?  
Мақалалар. –Алматы, “Білім” 2003. – 68 бет.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті қаламгер Қалихан Ысқақтың бұл шағын жинағына соңғы жылдары жазылып, мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген проблемалық мақалалары топтастырылып отыр. Оларда негізінен тәуелсіз Қазақстанның өнері мен мәдениеті жайлы келелі ойлар қозғалады.

Кітапша жоғарғы оқу орындарының студенттері мен елім деген “көкірегі ояу, көзі ашық” жалпы жастар қауымына арналған.

4702250201–019  
Ы  $\frac{\quad}{412(05)}$  2003

**ББК 84 Каз 7-44**

**ISBN 9965-09-149-8**

© Ысқақ Қ., 2003

© “Білім”, 2003

## КӨБЕ АСТЫҢДАҒЫ КӨК ИНЕ

(Петр Своик қазақтың ел болуын қалай түсінеді)

*“Бізге саяси тұрақты Қазақстан қандай қажет болса, дүниежүзілік қоғамдастық пен Қазақстанда жұмыс істейтін жеке капиталға да сондай қажет деп ойлаймын. Қазақстан міндетті түрде саяси тұрақты ел болады, ол үшін барлығымыз бірлесіп, ауыр жағдайда қалған адамдарды кедейшілік пен жоқшылықтан шығаруымыз керек”.*

**Н. НАЗАРБАЕВ.**

“Алмағайып заманда албасты да әулие” демекші, бүгінде ақыл айтушылар көбейді. Сауға үшін сау адамға сырқатсың деп зәресін алатын жалған тәуіптер енді егеменді еліміздің алпыс екі тамырын басып отырғандай сәуегейлік айта бастапты. Кезінде қазақ деген халықтың барын мойындағысы келмей, империя екі ғасыр бойы “бәрің де қырғызсындар” деп тарихтағы атымызды өшіріп тастамақ болып еді, енді “қазақ егеменді ел” деп зар қақсайтындар да шықты (П. Своик. “Ресей мен Қазақстан екеуі бір одақта отаса ала ма?” “Караван”, 20.03.98). Сондағы көсемге жегіп отырғаны Ресей де тіркемеге Қазақстанды телімек. Федерацияның өзі жолға сыймай жатқанда кеше ғана қашып құтылған “кіші иілерді” желіге сыйғызуға П. Своиктің бұршағы жете қояр ма екен, оның үстіне үзіліп қалған арқауды қайта жалғау да қиын-ау. Осыны сезген П. Своик ыстық ботқаға май жаққандай жылмағайлатып, астарлағанымен ар жағынан бізге атамзаманнан ерқашты қылған ескі бодандықты ұсынып отырғанын аңғару қиын емес. Соның

мерзімін де белгілеп, “Ресей саясаты мен бизнесінің Қазақстанға қайтып оралуын “орыс партияларының” нығаюы мен орыс ақпарат құралдарының күшеюіне орай таяудағы екі-үш-ақ жыл жетіп жатыр” депті. Аз да емес, көп те емес. Осыншама кесіп айтуға әлдебір себептердің бары да рас. Өйткені, империя саясатының бісмілтәсі кашанда нанға жасырып ине лақтырудан басталатыны тарихтан белгілі. П. Своик бұл ретте де жаңадан ештеңе таппаса да ескі сүрлеуді дөп басып отыр.

Бір кезде отаршылдық қырғын үшін қылышын сүйретіп, рухани басқыншылық ретінде миссионерлігін ертіп келген. Лениннің айтуынша: “соғыс — саясаттың зорлықпен жасалған жалғасы”. Бүгінде қылыш сүйретіп жүру ұятырақ. Ал рухани жағына келсек, информациялық экспанцияға қазірдің өзінде-ақ тұншығып жатырмыз. Дөп осыған сенетінін П. Своик те жасырып отырған жоқ. Порнография мен көркем әдебиетті айтпағанда, республикадағы орыс тіліндегі газет-журналдар мен Ресей басылымдары дүңгіршектерден асып-төгіліп, көше мен көпшілік транспортты да жаулап алды. Аздаған кітап дүкендерінен ана тіліміздегі әдебиет ығысып шығып, болмаса жетім қыздай босағада отыр. Жасыратыны жоқ, мыңнан біреу деп айтуға да келмейді. Себеп?

Қаржы тапшылығы десек кашанда жаңылыспаймыз. Сол ғана ма?.. Қағаз бен бояудың құны Ресейде — бақыр, соны бізге алтынға сатады, оның үстіне екі дүркін НДС-тің салығы және бар. Ресей мақсаты арзан тауарын бізге әкеліп қымбатқа өткізу ме? Жоқ. Тіпті түк пайда келтірмесе де кешегі “кіші інісінің” қолын босатса да миын босатпау, тілін шығармау. Мұны білетін шенеуніктеріміз аңғармаған болады, аңғал жұрт көршіден көлгірсіп келген өсек-аяңға да Алланың сөзіндей сенеді. Жолаушының ышқырын ақтаруға бар кеден

қызметі доңғалақпен де, темір жолмен де, аспанмен де ағылып кеп жатқан арақ пен есірткіден соңғы ең қауіпті тауарға көз де салмайды. Шетел неге біздің басылымдарымызды территориясына жолатпайды? Шалғайды қойып, іргедегі өзбек бауырларымыз 1,5 мидлион қазақ диаспорасын ескерместен екі жылдан бері біздің күнделікті баспасөзге жазылуды тыйып тастаған жоқ па. Әрине, осыдан соң Қазақстанның Ресейсіз күні жоқ деп П. Своик айтпағанда кім айтады...

“... Қазақстанды тырп еткізбей Ресейге табынышты қылатын бұлтартпас аргументтерді келтіруге болады. Тіпті түк болмағанның өзінде бір ғана орыс тіліне “байланып” қалған Қазақстан мәдени-информациялық тұрғыда, демек жалпы тіршілігінде бұрынғы метрополияның үстемдігінен құтыла алмайды”... “Тарихи көзқарас тұрғысынан “социалистік лагерьдің” күйреуіне байланысты күллі оқиғалардың жиынтығы үшінші дүниежүзілік соғысқа ұқсас құбылыс...”

Мұнан әрі П. Своиктің айтуынша ірі алпауыттар “ұсақ-түйек бауырластарын” қан шығармай бауыздап, қолтығының астына алуы керек екен, өйткені қалай бұлқынсаң да байқұс планетаны қайта бөлісу процесінен қашып құтыла алмайсың, оның үстіне “күштілерде” демократиялық құрылыс анағұрлым орнықты, сонан соң да “сандық жағынан үлкен саясат, экономикалық эффектiнiң тұрақтылығына кепiлдiк бола алады”. “Бөксеннен бастасам, тіліңе де жетермін” дейтін түлкіден П. Своиктің айырмашылығы – тілден бастап тіршілікке жетіп, тіршіліктен жер-жиханды қайта бөлісудің қажеттілігін “қазақтың ел бола алмайтындығын” дәлелдеп отырған сияқты.

Кім-көрінгенге мініс берген қайран қазақтың тілі-ай десеңші. Кезінде академик Радловтың: француз тілі Европаның мәдениетіне қандай әсер етсе, қазақ тілінің бүкіл түркі мәдениетінің дамуына

әсері сондай дейтұғын ана тілімізді П. Своик қорлады демей-ақ қояйын, жанға бататыны – қазақ деген халықтың, оның мемлекеттік тілі барын ескермеуінде. Мұны да ол: “советтерден кейінгі барлық республикалар (Балтық жағалауынан басқалары) тәуелсіздігі берік мемлекеттік құрылыстан гөрі СССР-дің пұшпағына көбірек ұқсайды” – деп егемендігімізді мойындағысы жоқ. Сөйтсек әңгіме мынада екен: “Қазақстанда қазақтың ұлттық мемлекет құру идеясы іске аспайды, расын айтсақ, іске асуы мүмкін де емес”. Пышақпен кескендей. Үзілді-кесілді. Сонда не істеу керек? П. Своик ашып айтпағанмен бір кезде генерал Скобелевтің: “дүниені славяндар билеуі керек, славяндарды Ресей билеуі керек” дейтін сөзін еріксіз еске салады. Скобелев Хиуадан қайтқан. Оған себеп, армияны жаппай жусатқан тышқақ ауру да емес, Александар І-шінің өлімімен Орта Азияны жаулап, Үнді мұхитына жету идеясы қоса өлген. Таққа отырған Александр ІІ орта жолда қазақ деген халықтың, одан өтсе Қытай барып, Үндіге жетсе Англиямен соғысуға тура келетінін ескеріп, тізгінді қатты тартқан. Ресей империясы Үнді мұхитына шығуы керек деген идеяның түп төркіні әріде болғанымен әр ғасырда бір қайталанып отырған.

Он сегізінші ғасырда қазақ жерін жаулап алу жөнінде Тәуекелов пен Неплюевтің Анна Иоаннаға ұсынған бағдарламасында: көшпенділерге алдымен көршілерін айдап салып, әлсіреген соң әскери линия, бекіністерімен тұншықтыру керек, онан соң сословиесіне қарамай Ресейдің басыбайлы шаруасының күнімен ұстаймыз, оған көнбесе, халық ретінде құртып жіберуден басқа амал жоқ, депті. Мұнан қалған шаруаны бұратана елдің дінін бұзып, тілін кескен “миссионерлердің күдіретіне” жүктегенін де білеміз. Соның айқын бір көрінісі — Ақтабан-Шұбырынды еді. Жоңғарларды қазаққа

айдап салып, алпыс жылдық аласапыран Аңырақай айқасынан кейін 1730 жылы бітіп тұрғанда, 1731 жылдың 23 мамырында Цин мен Ресей империясының келісімімен Черен-дон Дукты ортақ қолбасшы сайлап, соғысты жүз жылға жеткізген жоқ па еді. Мұның аяғы немен тынғаны әлемге аян. Империя 1731 жылы қазаққа бір грамота, 1740 жылы екіншісін, 1881 жылы үшіншісін Жаркентте тапсырып жатқанда Цин империясы Шығыс Түркістанды кесіп алды да, орыс армиясын Қарақорым арқылы өткізбек болған уәдесінен тайқып шыға берді. Ресей Үндістаннан, үнді мұхитынан күдерін біржола үзіп, Қазақстаннан екінші Индия жасауға кірісті. Бұл бағдарлама бойынша қазақ ел болудан қалып, жарты Еуропаны тегін асырайтын тек қана шикізат көзіне айналуға керек-ті. Ол үшін қазақты ел қылып отырған игі жақсылардың ұрық-шарқынан түгел тазарту керекті. Обалы кәне, ұлы империя бұл жоспарын артығымен орындады. Қазақ даласы қазақтың қанына бөгіп жатқанда құрттаған өлекседен жиіркенген генерал Колпаковский патша ағзамға: “мынау қырғынды тоқтатпасак, қолқаны қапқан күңірсіктен тұншығып өлетін болдық” деп хат жазған екен. Осының өзін жанашырлық деп ұққан патша ағзам Ташкендегі генерал фон Кауфманға: “Пора понять либералу Колпаковскому, что мы идем туда не ради цивилизации туземцев, а ради земли русской!” — деп жауап қайтарған. Өткенге салауат дей берсек тарихымызға обал. Тарихы бардың жеңісі де, жеңілісі де бар, ұтысы да, ұтылысы да бар. Бұл да бөксемен басып отыруға болмайтын, түбі айтылуға тиіс ақиқат еді. Кезінде айтқанымыз үшін айыпты болып, алдымыз окқа ұшып, қалғаны итжеккенде шіріген. Итжеккен демекші, П. Своик кекесінмен жанай еске алып отырған Кенеханның көтерілісінен соң Есіл бойындағы Атығай атаулы тұтас бір рулы елді



итжеккен мен Сахалинге жер аударып жіберіп, орнын қарашекпенділермен толтырған да империя емес пе еді.

П. Своик казактар қауымын сепаратистер деп айыптағансиды. Соңғы кезде қаптап кеткен казактар ұйымы қайдан шыққан? Соның ішінде көп даурығатыны — “Жетісу казачествосы” дейтұғын жалған құрама. Жалған дейтініміз, кезінде 5 мың қылыш казактардың әскери құрамасы атаман Анненков пен генерал Шербоковқа еріп Қытай асып кеткен де қайтып оралған азғантай жұрнағы қаруын тапсырып, Совет өкіметіне капитуляция жасап еді ғой. Жалпы Қазақстандағы “казачество” дейтұғынның төркіні кім?

Бірінші дүниежүзілік соғыстан сымпиып шығарын сезген Ресей империясы “еншісіз” қалмас үшін есесін шығыстан тол-тырмақ болды. Әуелі қазақ даласын бұратана халықтан тазартып, Қытай шекарасын бұзу, ар жағындағы мақсат — баяғы сол көкейін тескен Үндістан. Сол үшін де әскери бөлімшелері мен зеңбірегін сүйретіп Кұлжаға апарып қойды, бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан армияның үштен біріне әскери құрамаларды қазақ жеріндегі бекіністерге әкеліп тықты да, кеше ғана жергілікті жұрттың 65 миллион гектар шұрайлы қонысына зорлықпен орналастырған орыс шаруаларына казактардың статусын беріп, мылтық, оқ-дәрімен еркек атаулыны түгелдей қаруландырды. Өйткені, әуелгі келісім бойынша жер ауып келген шаруалардың әскери құрама (войнские формирования) жасақтауға қақысы жоқ еді. Осымен империя екінші майданды әзірлеп қойды. Енді не істеу керек?... Қазақтарды арандату керек болды. Қазақтарды еріксіз көтеріліске шақырып, қарусыз жұртты қырып салу керек болды. Ойлап тапқаны — “майданның қара жұмысына қазақтан солдат алу” туралы июнь жарлығы. Қолына қару ұстап,

атқа мінуге жарайтын 18 бен 31-дің арасындағы еркек атаулыны Қазақстан территориясынан алып кету: Түркістан өлкесінен — 1 миллион, Дала өлкесінен 500 мыңнан астам, Сібір өлкесінен — 600 мыңнан астам. Қалғандарының тағдыры: “қайда кетсе онда кетсін, қайтарып алу міндет емес!” деген астыртын бұйрықпен шешілмек-ті. Бұдан соң қазақ жеріне 50 жылға деп шартпен көшіп келген ұйғырлар мен дүңгендерді қайтарып, өз қонысына апарып қондыру деген сылтаумен Қытай шекарасын бұзу...

Ең қиыны — 2 миллионнан астам адамды аяқастынан алып кету мүмкін емес-ті (транспорт жоқ, жер шалғай, Ресей темір жолына сыймады). Оның үстіне, обалы қане, ішінара болмаса (Жетісу мен Торғайда) орыс шаруалары көтеріле қоймады. Сонсоң да шұғыл түрде орталықтан бас губернатор болып генерал Куропаткин Ташкентке келді. Куропаткиннің кім екенін айтып жатудың қажеті жоқ шығар. Игі жақсылардан 1000 адамды дарға асу жоспарын орындай алмай, 69-ақ адамды атып тастаған Жетісудің генерал-губернаторы Фольбаум туған күнін тойлап, фамилиясын Соколовский деп өзгерткен түні Куропаткиннен қорыққанынан жүрегі жарылып өлгенін айтсақ та жетіп жатыр. Мінеки, “казачествоның” төркіні де осында. М. В. Фрунзенің айтқанындай: “қазаққа қашанда өгей шеше, баскесер жендет болып келген тарихтың” ұлы трагедиясы да осындай. Трагедия осымен бітсе жөн-ау. 1928 жылдан басталған жаппай кәмпескенің кезінде Совет өкіметі патша үкіметінің бұйрығын: “Непущать! Возвращать необязательно!” деп өзгертіп, асудың ар жағына да, бер жағына да пулемет құрып, орманға орт қойып, босқан жұрттың ары қашқанын да, бері қашқанын да бауша отаған “социалистік бауырмалдығын” қай бір “ағалыққа” сыйғызар екенбіз? Отызыншы

жылдары аштықтан қырылған екі жарым миллионның жаназасын алпыс жыл өткен соң шығардық. 1918 жыл мен 1920 жылдың қаңтарына дейін Түркістан өлкесінде аштықтан өлген екі миллион көшпелілер күні бүгінге дейін жоқтаусыз қалды. (Цифр Т. Рысқұловтың Түркістан компартиясының бесінші конференциясында жасаған баяндамасынан). Мұнан соң “бандылар” мен “халық жауларының” есебіне әлі де жете алмай жатырмыз...

Осының бәрін ұмытса, расында бұл қазақ егемендіктің қадірін білмегендігі, осыдан сабак алмаса, расында бұл қазақ ел болмайтын шығар... Ұмытқысы келеді-ақ, империяға деген “өкпесін” өшіріп тастауға да бар, бірақ амал қанша, отаршылдық психологияның іште жатқан қабаған итін оқтын-оқтын ырылдатып қоятын саясатшылар қайта-қайта еске салып, енді ғана үн деген жайбарақат жұрттың жамбасына жуалдыз тығып алатынын қайтерсің!..

Талауға түскен мал, тонауға түскен қазына, тартып алынған қоныс пен жер қайтарылған жоқ. Оның есесіне коллективтік шаруашылық дейтұғын құлдықтың жаңа тәсілі, резервацияның жаңа формасы шықты. Осыдан кейін П. Своиктің мына бір сөзіне иланбасқа да болмайды: “Тіпті осы ғасырдың басына дейін де қазіргі Қазақстан территориясын жайлаған негізінен ру-тайпалық көшпенділер және Ресей мен Қытайдың, Ресей мен Даланың шекарасын белгілейтін линияға орналасқан казактардың әскери елді мекендері болатын. Бірді-екілі ресейлік сауда-саттықтың шағын форпост-қалашықтары, әскери күш болмаса, мәдени ошақтар тіпті аз еді. Жаңа туып келе жатқан бірді-екілі шикізат өндірістерін де осыған қоссақ болады”.

Әрине, әуел баста-ақ империяның өңешін созған шикізат болатын. Экономикалық қанаудың ең жексұрын түрі де осы. Шахтасы мен рудниктері,

ашық карьері бар дүние жүзіндегі кешегі Катангадан кейінгі тас-талқан боп ойраны шыққан қазақ жері. Бәрі тізбесек те бір ғана түсті металдың 95 процентін өндіріп, содан республиканың ұлттық табысына бір де процент түспей даяр өнім мен бар пайда орталықта қалған. Жетпіс жыл бойы түбегейлі құрылысқа (капитальное строительство) бюджеттен көк тиын бөлмей, бөлген күнде де жарымжан заводтар мен комбинаттарды ұлғайтуға жұмсады. Жарымжан дейтіміз, тағы да сол шикізаттың көзі есебінде тұтас өнім берген емес, мәселен, торпедоның окшантайы бізде жасалса, оғын Ресейде кигізген, өнеркәсіптің әр саласында өнімнің он екі мүшесінің біреуі-ақ бізде жасалған. Қазақстан солардың қоқысына ғана ие болып, бүгінде ТМД елдеріндегі экологиялық жағынан ең нашар аймаққа айналып отыр. Тек қана шикізат өндіретін жұмысшы поселкелері мен шағын қалалардың бүгінгі трагедиясы дәл осы саясаттың зардабы. П. Своик бұл жағын қазбай, жаны ашыған болып бар кінәні мемлекет басшылығы мен шаруашылық басындағы ұлттық кадрларымыздың шалағайлығы мен дәрменсіздігіне жапқысы келеді. “Қазақстанның бүгінгі бар еншісі — совет құрылысының жемісі. “Классикалық” қазақ ауылын жасаған — Голощекин, тыңдағы селолар — Хрущевтікі, неміс поселкелерінің авторы — Сталин. Бүгінде өнеркәсіп потенциалының басым көпшілігі жинақталған өндірісті қалалар ГУЛАГ-тың комсомолдық жолдаманың, “химиктер” мен әскери-өндірістік комплекстің құдіретімен тақыр жерде пайда болған... бұл материалмен батыс типіндегі экономикалық, саяси құрылысты орнату мүмкін емес. Себебі, ең алдымен, не тарихи, не мәдени негізі жоқ, структура, менталитеттік тұрғыда, кадр жағынан да баяғы сол номенклатуралық-рулық, люмпен-феодалдық қалпында қалып қойған ел билігінде”.

Кеше ғана көшпелі едің, бүгін қайдан көшелі бола қалдың деген кекесін ерінбеген қисық ауыздың езуінде жүр. “Көшпелі”, “ру” деген ұғымды септей-септей, ақыры кемістіктің таңбасы ретінде маңдайымызға басып алған сияқтымыз. Қазақта: “атасын сыйламаған — адамгершіліктен кетеді, руын танымаған — ұраннан жаңылады” деген де сөз бар еді. Мұның тегіне келімсектер түглі өзіміз де мән бере бермейміз.

Ұлы Түрік қағанатының кіндігі — Тұранда отырған қазақ дейтұғын эпикалық ежелгі халыққа сұқтанбаған жат көз жоқ. Көшпелі тірлікті Алладан сұрап та алмаған болар, “көршің жаман болса көшіп кұтыларсың, қатының жаман болса қайтып кұтыларсың” демекші, көршісі тынышсыз болған соң көшқонды тұрмыс алдымен маневрге икемді, онан соң елі мен жерінің тұтастығын сақтаудың бірден-бір тәсілі болғанын неге ақтамасқа. Көшіп жүріп-ақ, соғысып жүріп-ақ сегізінші ғасырдың екінші жартысында (777 жылы) қаңлылар бастап мұсылман дінін қабылдап еді, жетінші ғасырда мұсылман ғұламалары ұйымдастырған Бағдаттағы дүние жүзіне атақты кітапханадан нәр алған. Астрономия, медицина, философиядан бастап ғылымның барлық саласын жинақтаған бұл кітапхана болашақ академияның негізін қалап, дүнияға нұр шашқан. Кейін Еуропа да, Қиыр Шығысың да арап тілінен көшіріп алып еді, Батысың да, қиыр шалғайың да бізге қарыздар екенін неге ұмыта береді? 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты армян ақыны Сильвия Капутикян “Правда” газетінде: “империя біреудің жерін жаулап қана қоймай, оның тарихы мен мәдениетін де иемденіп кетті” деп жазды. Ақиқатқа артық сөз қоспай-ақ қоялық. Гүлдену, дәуірлеу кезеңінен кейінгі бес ғасырда Орта Шығыс тоқырауға ұшыраса, бұл да байлық іздеген

Батыстың дүние жүзін бөліске салып, жаппай отарлау саясатының кесірі болатын.

Рулық, тайпалық құрылым жер пайдалану мен ел басқаруда көшпелі жұртқа ең пайдалы система ретінде өзін-өзі ақтаған. Патша үкіметі қазақ даласында әкімшілік реформа жасаймын деп әуелі хандықты, онан соң ағасұлтандықты жойғандағы мақсаты — бір руды қырыққа, бір атаны екі болысқа қаж бөліп, жер мен билікке таластырып қырық пышақ қылып ұстау екенін несіне жасырамыз. П. Своик қазақтың тәуелсіз ел болуына мүмкіндіктің жоқтығына адам ресурсының тапшылығын да көлденең тартады. Бүкіл тарихын жаугершілікпен жазған халықтың қашанда басқа зар екені рас, бірақ, сөйте тұра қысқа мерзімнің ішінде шығынның орнын толтырып алған, соның өзінде де ең бастысы — генофондтың таза да мықты болуына қатты назар аударып, жеті атадан өтпей неке құруға ешуақытта рұхсат етпеген. Қазақ еріккеннен көп қатын алды деймісің?! Қазақ руынды, сүйегінді сән үшін сұрайды деймісің?! Әрине ХХІ ғасырға жеті атамызды жетелеп бармайтын шығармыз. Руды білу тарихшының міндеті, рушылдық шенеуніктердің ойлап тапқан қызметі. Егер жеті атаны білген жексұрын атанса, көзге “жүзге бөлгеннің жүзі күйсін” деп отырып, көмескіде жікшілдіктің отын көсейтін, ағайынның есебінен мал табатын Абай айтқан кешегі пысықтар — бүгінгі мансапқорлар. Қай қоғамда болмасын, коррупциядан түбегейлі құтылған ел жоқ, оны тек қазақтың ғана маңдайына жазу әділет емес шығар, әсіресе алмағайып заманда. Бұл мемлекеттік деңгейде ұзаққа созылатын ұлы күрес.

Сонымен, П. Своиктің түйіндеуінше, Қазақстанда ұлттық идеологияның қалыптасып, ұлттық мемлекет құруға мүмкіндік бермейтін негізгі себептің тағы бірі — “жерінің қисапсыз кеңдігі мен халқының тым аздығы және ылғи да азаматтық

сананы тұншықтырып отыратын күш пен ру-  
тайпалық дәстүрге табынған менталитеті” көрінеді.  
Бір сөзбен, тас дәуірінен қалған тағы жұрт жеке-  
дара мемлекет болуға әлі санасы жетпеген екен.

Қазақстанды егеменді ел қыла алмай әбден  
таусылғандағы П. Своиктің ойлап тапқаны: “Демек,  
бүгінгі Қазақстан цивилизациядан мешеу, жөнді  
игерілмей жатқан керең түпкір болғандықтан  
тарихтың жазымышымен дүниежүзілік жаңа  
бөлістің қыл ұшында отыр, қазірдің өзінде-ақ  
талауға түскен оның кеңістігі тың материалмен  
толығырында дау жоқ. Түстігінде уақытты жылмен  
емес, заманмен өлшейтін Қытай тым-тырыс күтіп  
отыр. Біразы Өзбекстанның сыбағасына кететін  
шығар, ал басым бөлігі Ресейге масыл болғаннан  
басқа ешкімге жем болуы мүмкін емес”. П.  
Своиктің жаңалығы, атам заманда азуын көрсеткен  
екі империяға туысқан өзбек бауырымызды қосқан  
екен. “Қасқыр тартқан бөксемді иттен несін аяйын”  
демекші, жат жұрағат жіліктеп жатқанда жақын да  
күр қалмасын дегені ме, жомарттыққа келгенде П.  
Своиктің қалтасының аузы кең-ақ. Бір қарағанда  
П. Своик бағы заманда аралда қап кеткен  
архаизмнің адамы секілді, екі империяның сан  
ғасыр бұрынғы көне саясатын қоқсытып отыр да,  
бажайлап қарасақ, мұны арандату, бірді бірге айдап  
салу дегеннен басқа амалымыз жоқ.

Кешегі “социализм” өтірік пе, шын ба, бүгін  
капитализмге өттік пе, өтпедік пе деп отырғанда,  
дүние ХХІ ғасырға аяқ аттаған шақта егеменді бір  
елді ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басына  
айдап тастап, тарихтың жұртта қалған көн терісін  
қайта кигізбек болған әсіре саясатшыны кім деп  
атарымды да білмей отырмын. Бас бостандығы, сөз  
бостандығы дегенді аузын кере айтып,  
демократияшыл бола қалатын саясатшылар көбейді,  
солардың бопсалауы көп те, өткенді көксегендері  
болмаса, болашаққа бір ауыз жылы ілтифат

айтпайтындары таңқалдырады. Бөлініп қойған дүниені қайта пішер қайшы жоқ, бола қалған күнде де ол мысық тілеулі саясатшылар емес шығар. Тағы бір таңқаларлығы — халықаралық, мемлекетаралық ресми саясатқа жария аналитиктердің құлақ аспауы.

“— Біздің тамаша болашағымыз бар, — деп сендіреді Ресейдің Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Валерий Николаенко “Казахстанская правда” газетіне берген сұхбатында. — Жуырда Ресей мен Қазақстан арасында мәңгілік достық жөнінде келісімге қол қойылмақ. Ол ХХІ ғасырға бағышталған және екі елдің әрқайсысының тәуелсіздігін нығайтуға арналып отыр. Сонымен бірге адамдардың өзара қауышуы, экономикалық, гуманитарлық қарым-қатынас тұрғысында халықаралық аренадағы бірлескен іс-әрекетімізді күшейте түспек... Қазақстанның жетістіктері Ресейдің де жетістіктері... Біз Қазақстан мен Ресей шекарасының тыныштық пен достық шекарасы болуының қаншалықты маңызы бар екенін де білеміз. Және оның бұдан да гөрі ашық болғанын қалаймыз. Қазақстанның Ресей жеріне қол созбайтыны сияқты, Ресей де қазақ жеріне көз алартпайды. Бұл 1992 жылғы келісіммен шегенделген біздің түбегейлі позициямыз. Біз бір біріміздің территориялық тұтастығымызды құрметтейтін елдерміз”.

“Қазақстанды қуатты да гүлденген көрші ретінде көргісі келетін” ресми Ресейдің ресми сөзі әзірге осындай. Өз ішіміздегі желбуаздар мен көршідегі аннексияшыл кереуіздарды жанықтыратын П. Своиктің бопсасын сырт қарағанда қабылдай коюдан мемлекет басшылары мен ресми саясат аулақ сияқты. Кезінде Еуро-Азиялық Одақ идеясының авторы Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуде өткен “төрттіктің” саммитінде Біртұтас экономикалық кеңістік бағдарламасын ұсынды. Республикамыздың тәуелсіздігін баянды



етіп, егемендігімізді дүние жүзіне әйгілі ету жолында алты жыл арпалысқан Президентіміз, ТМД елдерінің өзара байланысын нығайту жолында да аз еңбек еткен жоқ. Соның бірі — сауда-саттық, кеден, капитал мен ортақ рынок, өзара қызмет көрсету проблемаларын реттеуге арналған маңызды документ Біртұтас Экономикалық Кеңістік мәселесі еді. “Қарапайым адамға деген оңтайлы он қадам” бағдарламасының мақұлдануына байланысты Борис Ельцин 28 сәуірді “Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың күні болды” дей тұрып, Кеңістікке байланысты негізгі мәселені кейінге ысырды. Сол сияқты Каспий теңізін бөлісу құжаттарына да келесі Ақмола кездесуінде қол қойылуы мүмкін. Бірақ, осыдан-ақ империяның әлі де болса шалқайып отырғанын аңғару қиын емес. “Мен жалғыз қалдым” деп өкініш білдіруінен Президентіміздің “шалқайғанды әрі итермей бері тартуға” көптің мүмкіндік бермегенін ішіміз сезді. “Бокалдың сыңғыры мен сылдыр шайдың буынан іс бітпейді” деп ТМД-ның қазіргі қарекетіне көңілі толмайтындығын осы жолы қадап айтты. Тәуелсіз болу түкпір-түкпірде тәлтиіп жату емес, Еуропа сияқты ортақ кеңістік таппай бірде-біріміз жуық маңда оңалып кете алмаймыз деуі де ақиқат.

Ішкі жағдай шиеленісіп, еларалық қатынастың шиесі шешілмей тұрған кезде П. Своиктардың отқа май құйғандай көбе астына көк ине жүгіртуі жұмсартып айтқанда шынайы достықтың нышаны емес. Үш ғасыр бойы империяның қысастығын көрген қазақ елі үш ғасыр бойы отасқан орыс халқымен ишай десіп көрді ме екен? Кешегі Отан соғысында СССР-ді, соның ішінде Ресейді фашист басқыншыларынан қорғаймын деп 18 бен 40-тың арасындағы еркек кіндіктіден халқының 14,5 процентін жоғалтқан ел орыс халқымен ынтымақтастығын еш уақытта да жоғалтқысы келмейді.

## КӨКЖИЕККЕ СІҢГЕН ІЗ

18) 09205  
-36260  
Кімнен алғаным есімде жоқ, “Қазақ әдебиетінің” өнер бөлімінде жүргенімде қолыма бір мылқау қол- жазба түсті. Орысша. Сауатты. Қарасөзбен жазылған поэма тәрізді. Газетке бассак қайтеді, өзім қазақшалап берейін деп Жүмекене қолқа салып едім, көнбеді. Жұмасына жалғыз рет шығатын тышқан тулақтай жалғыз газеттің бетін сценариймен толтыру ол кезде қиянат еді. Оның үстіне, тым құрыса Әкім Тарази да емес, Әкім Әшімов деген кім ол, қайдан шыққан кинодраматург?.. Қош, сонымен мылқау қолжазба мылқау күйінде қала берді де киносын, ұмытпасам, екі жыл өткен соң бір-ақ көрдім. Мылқау деп отырғаным...

“...Ол шешініп дастарханға отырды. Әуелі нан турап отырған шалға қарады. Шал қаздиып отырған кемпіріне қарады. Кемпір мүлгіп отырған келініне қарады. Келіні жалақтап отырған күйеуіне қарады да, кеспе құйып таратты: әуелі атасына, сонан соң енесіне, сонан соң күйеуіне, сонан соң... өзіне құярын да, күймасын да білмей, қолындағы ожауы кесенің кенересінде іркіліп қалып еді... Кемпір әуелі ожауға қарады, онан соң келініне қарады. Келіні ожауын кесеге төңкеріп, амалсыз қолына қасық алды...

...Тамақ ішілді. Майлық жүгірді. Ауыз сүртілді. Ол келіншегіне қарады. Келіншегі енесіне қарады.

Енесі шалына қарады. Шал ас қайырып, ұлына қарады. Ол орнынан тұрып киінді де, ер-тұрманды құшақтап тысқа кетті...”

Кім кімге қалай қарады, қайтып қарады, неге қарады? Оны автор режиссер мен актерлерге қалдырыпты. Әйтеуір, осы үйдің от басындағы төрт кісі түгелдей мылқау, тандырдағы тырс етпейтін қидың шоғы да мылқау, есік күзеткен ит те мылқау, қорадағы қой да мылқау, жапандағы жалғыз қыстау да өлік шыққандай тас керен. Жылдың төрт мезгіліндегі табиғаттан басқаның бәрі мылқау. Жалғыз ұлының үйлену тойында шал Танабай:

“Мен сөйлемейтін адам едім. Совет өкіметіне рахмет!.. Басқа не айтамын”, — деді. Мылқаулығы үшін Совет өкіметіне рахмет айтты. Мылқау қылған Совет өкіметіне рахмет айтты.

Мылқау нәрсені режиссер киноға қалай тартар екен деп едім. Сценарийдің шып-шырғасын шығармай таспаға басқан дәл осындай фильмді күні бүгінге дейін “Қазақфильмнен” қайтып көре алғаным жоқ. Шал Танабайды Бәйділда Қалтаев ойнайтын шығар деп экраннан Бәкенді елестетіп едім. Шал Танабайды Кәукен Кенжетәев ойнапты. Музыка өнеріндегі еңбегі өз алдына, ал актер ретінде Кәукен ағамыз тек Танабай болып қана көз алдымызда қалатын шығар. Өзін-өзі — қазағын, қазағының қайғысын ойнағанда ағаларымыз алдына жан салмаған екен-ау деген ойға қалдым. Осы уақытқа дейін актердің жанына, автордың қаламына, режиссердің қолына қазағы тимей жүр екен-ау деген де ойға қаласың.

Киноны топтың еңбегі, көптің еңбегі десіп жүр. Десе десін. “Әжептәуір ән еді, пұшық айтып қор қылды-ау”, — демекші, жібекті жүн ететін режиссерлер де толып жатыр. Дегенмен, топтың да, көптің де творчестволық фантазиясын оятатын әуелі жазушы. Прозадағы ритм мен лирикалық

сарын музыкаға көшкенде қайғы мен зардың, мұн мен өксіктің сұңқылындай жылдың төрт мезгілінде: аттың жалы, түйенің қомында, көштің соңында, қу медиен мен құла даланың төсінде бірде сырмалы қызыл, бірде аптап болып шалқиды да тұрады: іш мұздататын, жүректі сыздататын қазақтың сыңсуы мен жоқтау сарыны — кез-келген қазақтың көзіне тығылған жасты, көкірегінде қорда боп ұйып жатқан запыранды қозғайтын сарнау сазы; ананың толғағынан бастап мәйіттің зиратқа дейінгі жолын жалғастырған шырыл мен бесік жырының, жалған дүниенің мұңы мен қасіретінің үні. Көктемде жайлауға көшіп бара жатып та, күзде жайлаудан қайтып келе жатып та Танабай шалдың ұрық-шарқы көшті тоқтатып қойып, түгелдей ата-баба зиратына әдейі соғып, Шоқан Уәлихановтың басына құран оқуы әншейін ритуал емес. Барар жерін жайлау болғанмен, қайтып қонарың қерең қыстау, көңілің көкжиекте жүрсе де, мәңгі мекенің зират — екі арадағы: қысқа ғұмырда көргенің мен кешкенің мынау дегендей...

“Дүние бір қисық жол бұрандаған,  
Бақ қайтса басқа дәулет құралмаған.  
Болса да қырық жыл қырғын ажалды өлер,  
Сонда да күдер үзбе бір Алладан” —

дейтұғын қара өлеңді тағы бір еске салады да, шал Танабай құранның әрбір аятын: “рахмет, Совет өкіметі!” деп қайырып тастап отырғандай көрінеді. Армян Эдуард Хагагартянның қазақтың көмейін жаттап алғанына таң қаласың. Хагагартян бұдан соң да қазақтың бірнеше фильміне музыка жазды. Бірақ, оны әуелде тауып, студияға алып келген Мәжит Бегалин еді.

Қағазға түскенді экран мен сахнаға көшіре алмаған режиссер сорлы. Өзі ғана сорлы емес,

өнердің соры. Қолынан іс келмейтін, фантазиясы жоқ ремесленник қашан да мақтаншақ. Тіпті, өресі жетпеген, өткенде орындалмаған арманын болдыға санайтындар да бар. Әттең, мен қирататын едім, мүмкіндік бермеді ғой деп, кешегі қойыртпағын бүгін мақтап, кешегі қойындасқан ортасын даттап, өзінің дарынсыздығын ақтап жүргендер аз емес. Менің анау дүниемді көрдің бе, мынау дүниеме қалай қарайсың деп Мәжікең жұрттан пікір тартса нағылсын. Жалпы өзінің творчествосы былай тұрсын, біреуден жеген опығын, біреуден көрген қиянатын айтып, біреуге жасаған жақсылығы мен жанашырлығы жайында ешқандай сыр шашпай кеткен кісі. Ал, пікір таласында шамасы жеткенше ешкімге шалдырмайтын, тек Шәкен ағамыз ғана үлкендігін салық қылып кейде мәмілеге келтіретін, кейде көндіретін еді. Әншейін тірлікте өзілі жарасса ғана көңіл жықпайтын жандармен қатты қалжындасып, сиып кете бергенмен салиқалы мәселеде кез келгенмен сөйлесе бермейтін, кез келгенді тыңдай бермейтін. Мінезінің бірбеткейлігі, иә тұйықтығынан емес, терезесі тең түсіп, ой бөлісетін, интеллект жарыстыратын ортаның қораштығы; оның қасында ойы жаттанды жұрт болғанымен, оның ойын жаттап алатын әріптесі аз болды. Сондықтан да Мәжікең кез келгенге сүйкене бермейтін, егер оны көп жұрт кезінде жария танымай қалса, мұның да себебі, мұның да өкініші бар шығар. Талғамыңды ұштайтын, ойыңа қанат беретін аруақты серіктердің болмауы азаматтың іште кеткен сан қинауының, өзімен бірге өліп кеткен талай арманының өкініші шығар...

Мәжікеңнің “Бұл шұғылада болған еді” дейтуғын өтірік фильм түсіргені бар. Өтірік дейтінім — оқиғасы да өтірік, адамдары да өтірік, идеалы да өтірік. Сонда қыңқ етпеген Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мына фильмді көргенде

ақ ордасына бомба түскендай тас-талқан боп мөңкіді.

Кешегі шылғи өтіріктен шыңғырған шындыққа жеткенше режиссердің қаншалықты толғаныс пен жан азабын кешкенімен идеологияның мөшегін арқалағандар санасқан жоқ. Мәжікең араша тілеп жатпады. Тек қана “Ленинская смена” газетінде Финаят Смағұлоғлы Надіров деген әзірбайжан жігіті қасқайған шындық хақында адал пікірін айтып еді, бірақ, ол мөшектің аузына қышқаш бола алмады.

Іштен шыққан шұбар жыланын жерлеп тұрып, әлде қалжың, әлде шыны, фильмнің авторы: “Ширек ғасыр өткен соң бұл фильм экранға қайта шығады, жарты ғасыр өткенде классика болады”, — деп еді. Скептиктер күлді. Мәжікең бұған сөз қосып жатпады. Мүмкін, солай боларын сезген шығар. Мүмкін, Қасым ағам айтпақшы, оған дейін дүниеге талай Мәжиттің келетінін білген шығар.

Ең басты сұрақ — идеологияның көсемдері мен коммунизмнің басшылары бұл фильмнен қай ізді көрді екен? Қиялдың ізі ме? Қиянаттың ізі ме? Әлде қойдың ізі шығар?..

Бір сәуегейдің: “Боялись не глубинки объекта, а глубины фильма”, — деп мойындағаны бар еді. Егер рас болса, бұған да шүкір!.. Бірақ, тұңғыықта жатқан сол қай терең? Арғы тарихтың тереңіне бармай-ақ қоялық, бергі жетпіс жылдың әр жылы қазақ үшін жылым болған жоқ па еді?..

Ерте заманда адамнан мөңгүрт жасау үшін басына шикі тері қаптап күнге тастайды екен. Адамның ойына кіріп-шықпайтын жан түршігерлік зұлымдық қазаққа 1929 жылы келді. Бұл халықта таз деген жұқпалы дерт бар деп баурынан дәретке отыратындарды түгелдәй көгендеп қойып тоққа салды да, тазды емдейміз деп қыруға қылшық қалдырмай айна таз қылып шығарды. Дозаны әдейі асырып беріп, миға зақым жасалған соң екі жылда

талай қазақ мәңгүрт болып шыға келді. Отызыншы жылдардағы әйгілі аштықта елге пана болады деген шаңырақ иесі есік көзіндегі байлаулы тоқтысын сойып жеуге жарамай, өзеннің тайдай тулаған балығына, даланың жыртылып айрылатын аңына қарамай дөй-далаға босып кетуі дәл осының салдары демей көрші?.. Қазақтың тең жартысын сақтап қалған әйел жұрағаты. Біздің халық тек сол үшін де күні бүгінге дейін аналарға қарыздар! Шал Танабай сол мәңгүрттің бірі ме екен, әлде куәгері ме? Су аяғы құрдымдай көкжиектен таусылатын, көкжиекке сіңіп кеткен із көп. Жасыратын із де көп. Жетпіс жыл бойы жасырамыз деп қан-сорпа болдық. Идеоло-гияның сақшылары: “Ойбай, мына мәңгүрт қайта тіріліп, тағы да есі кіріп қапты”, — деп шошыды ма екен?.. Егер осылай түсінсе бұған да шүкір!..

...Жыл он екі айда бір ізден танбайтын, таусылмайтын тозаққа шыдай алмай жас келін қашып кетті. Әйелін шарқ ұрып жер-көктен іздеп таппаған күйеуі иен үйде қаусап отырған шал мен кемпірге: “Жауһаз қайда?”—деп айқайлады. Шал Танабай: “Шырағым, қатын сенікі емес пе еді?”— деді. Фильмнің соңғы нүктесін қойған да Танабай шалдың осы сөзі. Малынан айырылған, жанынан айырылған, енді қойнындағы жарынан айырылған бүгінгі назақтың да маңдайының соры қалың екен... Егер идеологияның дуалы ауыздары осыны түсініп қойса, бұған да шүкір!..

Мәжит Бегалиннің жетпіс жасқа толған творчестволық кешінде кеше ғана кино өнерін басқарған, әжептәуір деп жүрген азаматымыз жұрт алдына шығып: “Биылғы жыл республикамызға бір қуаныш, бір трагедия әкелді,— деді.— Қуанышымыз — еліміз тәуелсіз мемлекет болды, трагедиямыз — КСРО-дан айрылып қалдық!”—деп көзіне жас алды. Тәуелсіздік алғаны қалай? КСРО-дан

айрылып қалғаны қалай? Қайсысына қуанып, қайсысына қайғырып тұрғандағысы? Бір есептен бұл өткеннен кете алмай, бүгінгіге жете алмай жүрген адамның сөзі. Егер, осылай болса, бұған да шүкір!.. Ал нағыз трагедия — КСРО тағы да қайтып келе ме деп қорыққанынан оң жамбасын бір жарға, сол жамбасын бір жарға тіреп қойып, алда-жалда қайтып келе қалса, өзін-өзі ақтау үшін: мен анандай жерде анандай дегенмін, мынандай жерде мынандай дегенмін деп күні бұрын жылға іздеген пенденің әдеті. Егер осылай болса, маңдайымыздың соры әлі де қалың екен!..

Кезінде қазақша фильмдердің бар болғаны қырық дана көшірмесі жасалатын еді. Мәжит Бегалинді еске алу кешіне жалғыз данасын зорға тапқанына қарағанда фильмнің ақырғы көшірмесінен де айырылып қалу қаупі бар. Түбі өнеріміздің көкжиекке сіңіп кетпесіне кім кепіл?..

*1992.*



## КЕЙІНГІ ҰРПАҚ КЕЛЕШЕККЕ КЕПІЛ БОЛА МА?

### 1. Ұрпағымыз ұмытпасын!

“... Алты алашқа аян, 1916-жылғы 25 июнь жарлығы әлегінен Жетісу облысындағы қазақ, қырғыздың басына қиямет-қайым күндер туды. Жігіт бермейміз деп қарсылық көрсеткені үшін оққа ұшып, қаншасы өз жерінде бір қырғын көрді. Басшы адамдары дарға асылды. Рақымсыз өкіметтің қарулы әскеріне қарсы тұра алмай көбі Қытай жеріне босты. Мал-мүлкі орыс әскеріне “олжаға” түсті. Көрші мүжықтар жау болып тал түсте тонады, өлтірді. Адамын байлап, малын айдап алды... Қытай жеріне өткенде жан ашитын жақын таба алмай, аштан өліп бара жатқан соң қалмақ, қытайларға балаларын сата бастады. Баланың құны бір шелек бидайға шықты. Бойжеткен қыздарын, жас келіншектерін қаны кара қалмақтар қатынданып кетті... Бақытсыз сорлылардың мұң-зарын, көз жасын естір құлақ, көрер көз болмады... Бай, кедей, жас-кәрі, жақсы-жаман айырмасы бітіп, бәрі бірдей сорлы болды. Атадан ұл, анадан қыз, жардан жар айрылды. Жүрек қанға, көз жасқа толды...”. *Мадияр. “Алашқа”. “Абай” журналы, №3, 1918 жыл.*

Июнь жарлығының басты мақсаты — арандату еді. Жарлықтан көп бұрын жасалған қанды қырғынның жоспары болатын. Осы жоспар бойынша бір ғана Түркістан өлкесінен қолына қару ұстауға жарайтын он сегіз бен отыз бірдің арасындағы бір миллион азаматты Ресей

территориясына алып шығып, бір ғана Жетісу облысында ел басқарған мың адам дарға асылуға керекті. Мұның ішінде Дала өлкесі мен Сібір өлкесіндегі империя үшін құрбандыққа шалынатын азаматтардың есебі жоқ. Құпия жоспар Түркістан өлкесінің жаңа губернаторы Куропаткинмен ере келді. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан орыс армиясының үштен бірін Қазақстанға әкеліп төкті, офицерлері кіл орыс, солдаттарының басым көпшілігі татарлар мен башқұрттар, қалмақтар еді, соғысқа салуға сенбей, енді қазақтың қанын соларға жүктеп, ұлт араздығын туғызбақ болды. Переселен мұжықтарға қару таратып, оларға казактардың статусын берді, еркек басына бір винтовкадан келді. Ақтабан-Шұбырындыдан соң қазақ тағы да өсіп қалып еді. Сол қазақты тағы да бір қырып алу керек еді. Қара жұмысқа барғандар да, бармағандар да қырылу керек болатын. Түп-тура осылай болды да шықты: қарусыз бейғам жұртты атты, асты, жарты миллионнан астамы шетелге ауып кетті.

Окопқа барғандар майдан шебін көрмей-ақ сүзектен, әртүрлі жұқпалы аурудан шыбынша қырылып, елге жүздің бірі ғана оралды. “Алаш” партиясы осы арандатуды күні бұрын біліп еді. Оның үш бірдей көсемі — Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов казак халқына арнаған үндеуінде цензурадан жасқанып, әрі елге күні бұрын жау шақырмалық деп ашық айтпаса да әдіптеп ескертіп, қатты сактандырған. Мұны кейіннен совет үкіметі: “патшалы Ресейге жақ болды” деп әдейі бұрмалады...

...1918 жылдан 1920 жылдың ғинуарына дейін бір ғана Түркістан өлкесінде 2000000 көшпелі аштықтан қырылды. 1920 жылдың ғинуарында Түркістан компартиясының бесінші конференциясында осыны айтып, халқын апаттан аман алып

қаламын деп шырылдаған Тұрар Рысқұловтың көкірегін отыз жетінші жылы қорғасынмен тығындап өлтірді.

...1928 жылдан бастап жер аударылып, итжеккенде, рудниктерде өлгендер, 1931-1934 жылдары үш миллионға жуық аштан қырылғандар, 1937-1952 жылдары тізім бойынша атылғандар, айдауда өлгендер ХҮІІІ-ші ғасырдан бергі игі-жақсылар әулеті мен зиялы қауым және солардың ұрық-шарқы. Бұл нәубетте ешқандай кездейсоқтық болған жоқ, жоспарлы түрде ЧК, НКВД, КГБ-лардың атқарған қызметі, өкімет ұйымдастырған геноцид. Тізімнің авторы әу баста патша үкіметінің орханкасы мен жандармериясы еді, оны жалғастырған олардан да жалмауыз үкіметтің жазалаушы органдары болды...

...1941-1945 жылдарғы Отан соғысы — бүкіл совет халқына келген зауал. Статистиканың әу бастағы есебіне сенсек, бұл соғыста орыс халқы өз ұлтының алты процентін, беларусьтер тоғыз процентін жоғалтты. Мұның ішінде оккупациялық аймақта қалып кеткен бейбіт жұрттың шығыны қоса есептеліп отыр. Қазақтар он төрт проценттен астамынан айрылды. Бұл он сегіз бен қырықтың арасындағы тек еркек кіндікті 500 мыңға жуық боздақтар...

...1949 жылдан бастап күні кешеге дейінгі атомдық сынақтан тартқан шығынымыз төрт жылғы соғыстың құрбандарынан да асып түсті. Дүниеге келіп жатқан нағыз мәңгүрттердің 80 процентін полигондар әкелді, қалған 20 проценті арақ пен есірткіге ере келді...

...Сонымен соңғы жиырмамыншы ғасырда ғана жеті дүркін геноцидке ұшыраған халқымыздың генофондысы бұрын-соңды ел естімеген шығынға душар болды...

## 2. Біз жастарға не бердік?

Әр құбылыстың әлеуметтік себебі бар. Қазан төңкерісі жекеменшікті жойды. Жекеменшіктің жойылуы қазаққа кедейлік, қайыршылық әкелді. “Қазақ байыса қатын алады, өзбек байыса үй салады” деуші еді, қатын алмақ былай тұрсын, жетпіс жыл бойы қара басын асыраудың өзі мұң болды. Қорадан мал кеткен соң шаңырақ иесінен қадыр кетті, ел көзінде беделі, ошақ басында берекесі қалмады, кедейдің сөзін кім тыңдасын, аузының салымы, аруағының салмағы жоқ бейшараның сөзі кім, өзі кім, қылаяғы қойнындағы қатынына, ауыл үйдің айранына әуселесі жүрмей қалды. Алдында асы барға бүкіл кедейді айдап салған соң, тең праволысың деп қатынға еркектің басынан тептірген соң, “қарағай басын шортан шалмағанда” қайтсін. Кедейлік алдымен азаматты кісіліктен жүрдай қылып тұзын жеңілдетті. Бұл бір халықтың қалыптасқан мың жылдық психологиялық кейпін, елдік қасиеті мен дәстүрін, тіршілік қабілетін бұзды.

Отызыншы жылдары дүниеге келген сәбилердің алды елуге, арты отызға жеткенше аузы асқа, тақымы атқа жарыған жоқ. Наразылықтың алдын алу үшін әрбір бес жыл сайын жаңа ұран тасталып отырды: “коммунизмнің ұлы құрылыстарының екпінді бесжылдықтары” дейтуғын лақаптың түп төркіні — бәлен жерде бақыр бар дегенге имандай сенетін жастарды алдау мен арбаудан туған өкімет саясаты еді. Саясат бұдан үш нәрсе ұтты: бірінші — жастарды жалпақ елдің әр түкпіріне арлы-берлі сапырып, отбасының, отанның не екенін ұмыттырып, туған жердің топырағынан жеріген, өзінің ұлт өкілі екенін сезінбейтін ала-құла тексіз тобыр жасады; екінші — тұрмыс тауқыметіне көмпіс, түрегеп тұрып тамақ ішіп, түрегеп тұрып

ұйықтайтын, айтқанға көніп, айдағанға жүретін елпек робот — міндетсіз де мінезсіз сословие пайда болды, “қатын жолда, бала белде” деген сияқты, совет өкіметі аман болса бәрі де табылады — жұмыс та, баспана да, бақытты болашақ та әлі алда дейтуғын сенімге семірген бейғам жұрт дүниеге келді; үшінші — жалпақ елдің жыртық-тесігін жамайтын арзан жұмыс қолын кез келген объектіге апарып төгіп тұрды, сөйтіп әйтеуір өлмейтін күнкөріс арқылы жұмыссыздықты жасырып отырды.

Кешегі азамат соғысында әкелерімен айқасып қан кешкен, бай-құлақтардың тұқымын тұздай құртып, “халық жауларын” көгендеп берген комсомолдар бүгін өзінің қартайып, ғаріп боларын ойлады ма екен?... Жоқ. Олар үшін кейінгі буын жерге қарап отыр. Бұл рухани жағынан. Материалдық жағынан ше? Қаншама адалынан қызмет етті десек те, артындағы ұрық-шарқына алаңсыз өмір кешетіндей азбас мұра қалдырды ма? Иә, қалдырды. Ол — жокшылық.

Елуге дейін етегін дұрыстап жаба алмаған отбасында ертеңгі күннің қамына қор болатындай байлық қайдан келсін. Бір үйдегі жұмысқа жараған барша жанның тырбанып тапқаны шет елдің мамандығы жоқ қара жұмысшысының орта жалақысына да жеткен жоқ. Әйел жұрағатының “тең правосы” еңбекке келгенде ерікті құлдық болып шықты. Ер жеткен ұл, бой жеткен қыз ата-анадан бөлініп кете алмай, кеткендері өздігінен күн көре алмай, тағы да отыз-қырыққа дейін кезбе тірлік кешті. Өйткені әу баста-ақ отбасына мөйек болар қор, ошаққа тас боларлық фундаменті жоқ еді. Бір тамақ, бүтін шалбардан артпаған жалақыдан жырып әке мен шеше ұлға енші, қызға жасауды қайдан тауып берсін?..

### 3. “Көпектер” мен “көкектер” қайдан келген?

Алматының көшесін қақыратып, базар мен жаймаларда жырттылып айрылатын жігіттер мен ымырт түсе көрінгеннің жетегінде желіп бара жатқан бойжеткендерді көргенде жатып кеп сөгеміз. Сөгетін жөніміз де бар. Баскесер де, қалта тесер де, қаңғыбас та, қайыршы да, зорлықшы да, сорлы да, қар да осылардың ішінде. Төпсе темір үзетін бозбала көше тімтініп, бозала таңнан бүрсендеп кездейсоқ жұмыс іздесе, қу тамақ, тән жабар шүберекке бола мөлдіреген қыз бала түнімен біреуге төсек болып, көрпе сыртынан тапқан “пайдасын” коқсықтың әбдіресіне лақтырып жатса, мұның да әлеуметтік мәтібі жеткілікті. Бұл алдымен инабаттың тозуы, рухани кедейліктен туған кесапат. Ал оның себебі...

Әке-шешесінің кедейлігінен басқа олардың көрген түгі жоқ. Арқа еті арса, борбай еті борша боп жүріп тапқан-таянғаны бір күнгі тоқтықтан аспаған, қолым жетті деген төбесі — кедейдің құлатөбел тірлігі, қайтарымы жоқ кенеусіз мешкей еңбектің азабынан аққаптал болған әкені, шаруадан шаршаған шарасыз шешені көріп өскен соңғы ұрпақ еңбектен күдерін үзді, оңды тұрмысқа, биік астауға иегі жетпейтінін білген соң күнкөрістің онай жолын іздей бастады. Сорына “қайта құру” киіп кетті. Оған кәрінің де, жастың да рухани, психологиялық дайындығының жоқтығын айтпағанда, өкіметтің де, ел басшылығында жүрген шенеуніктердің де дайындығы жоқ еді. Іле-шала КСРО ыдырап, Совет өкіметі құлады да, орнына ит ерткен қонақтай ымырттап “нарықтық экономика” келді, “совет өкіметі аман болса бәрі табылады” деп жүрген алаңғасар жастар арманнан да, алаңсыз жұмыстан да айрылып, айдалада қалды. “Ал, байындар!” — деп ұран тасталғанда, билік

басындағы азулылар қарпып қалды, аузы қыбырлағандар қызыл саясатқа көшіп, аяғы қыбырлағандар қолындағы барын базарлауға шықты. Қолындағы бары таусылған соң қорадағы мал қасапқа кетті, ақыры отын-сусыз қалған отбасы сирағын сындырып жағуға қимай, ағын айырып отырған жалғыз сиырды да бір тонна көмірдің бодауына берді.

Байығандар бар ма екен? Әрине, бар. Бірақ олар ат төбеліндей ғана. Олардың өзін де адалынан тапқан малмен қазына жиғандар деуге ауыз бармайды. Көне қазақ: “Батырдан — би, биден — ұры, ұрыдан — қары, қарыдан бәрі де туады” деуші еді. Бүгінгі байығандар мен бизнесмендердің басым көбі — кешегі билік басындағы шенеуніктердің жалғасы мен солардың жұрағаттары екендігіне “қарға тамырлы қазақтың” өзі-ақ дәлел. Ал көшедегі жайма мен мүттәйім базардағы жыртылып айрылатын жастар — ауылдан сая, қаладан пана таппай жүрген қалың тобыр: болашақ баскесер, тексіздер атаулының ұясы осылар. “Бақытты балалық шағы үшін ұлы Сталинге рахмет!” деп өскен біз сияқты, “партияға рахмет!” - деп жүрген кешегі бала бақшасы мен бастауыш мектептің “бақытты” жасөспірімдері.

#### **4. Қай күнәсі үшін күстана қыламыз?**

Осыдан сәл ғана бұрын жетім балалар үйіндегі сәбилердің тоқсан проценті қазақ ұлтынан еді. Көң-қоқыстың әбдіресінен табылып жатқандар да солар болатын. Белгісіз әкелерге “Көпек” деп, безбүйрек аналарға “Көкек” деп ат таққанымызбен, бауыр шіркінді қарғап-сілеуге дәті құрғыр бармайды. Әрине, заңға жүгінсек бұл үлкен қылмыс. Шарифат заңына жүгінсек те, ақталмас күнә. Бірақ, мына бір шындыққа да жүгініп көрелікші.

Ұл ер жеткен соң, қыз бой жеткен соң тұрмыс кұру табиғаттың заңы. Басында баспанасы, қалтасында қара бақыры жоқ, кұмалағына тебен батпайтын қу кедей несімен тұрмыс кұрмак? Қара басын асырай алмай жүріп ертеңгі жардың азабына, тіршіліктің тозағына түсіп қайтсін. Сонан соң да “қатынға жоламай — қаласынан, балаға жоламай — бәлесінен” қашатын Көпектің психологиясы осы. Сонан соң да бір түннің ләззатын қанағат тұтып, қаңғып кете береді. Сөгіп көр?..

Қусаң кұмалак түспейтін қаңғыбаска байға тиген бойжеткеннің есі дұрыс деп айта алмайсың. Байға тиген соң бала табу міндеті бар, баланы бағу міндеті бар, асырау міндеті бар, байдың бас-аяғына қарау да міндет. Болашақтың он екі де бір нұскасы жоқ екенін біле тұрып осыны ойламаған бойжеткеннен не күтуге болады, ойлаған бойжеткенге жаулық салып көрші?.. “Жаман аттан — жайдағым, жаман байдан — бойдағым” дейтуғын Көкектердің психологиясы осы. Сөгіп көр?..

Баяғының қазақтары пәлендей еді, түгендей еді деп бар жақсылықты соларға байлап беріп жатамыз. Ол — баяғыда. Бүгінгі қазаққа бүгінгінің көзімен, бүгінгінің болмысымен қарауға керек-ті. Баяғыда бәрі де болған шығар. Соның бірі көп қатын алу...

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ел аузында да, баспасөз жүзінде де осы әңгіме едәуір сөз болды. Бірақ “ораза намаз тоқтықта” дегенді ұмытып, оның әлеуметтік мәтібін ақтаруға барғанымыз жоқ. Әйтеуір, бойдақ пен кәрі қыздардың саны көбейді, соларға орын тапсақ қайтеді, халқымыздың қарасын көбейтсек болмас па екен деген бір ниет. “Көк етікті кездеспей, көн етіктіні менсінбей” отырып қалған бикештер де, күнкөрістің тақсіретін тартып жүрген мөлдіреген бойжеткен де дәп қазір қаңғыбасқа жар болғанша қарымдыға тоқал болудан қашпайды. Ал баяғыға оралсақ, баяғыда



қазақтың шаңырақ иесі қанша кедей болса да бір отбасына байланып қалған емес, қанша бай болса да хан тұқымы болмаса қарадан үш жаулықтан артық алғаны сирек. Неге?..

Біріншіден, сан ғасыр ішкі жау, сырт басқыншылармен арпалысып күн кешкен қазақ халқы адам басына зәру болып, қырғын-сүргіннің орнын толтырудың әртүрлі амалдарын іздестірді. “Қазақ байыса қатын алады” дегеннің түп төркіні осында, “үй салуға” құлықтың жоқтығында емес, оған мүрсат бермеген көршілердің тынышсыздығы. Көші-қонды тіршілік жаугершілікте маневрге, елді сақтап қалуға ыңғайлы еді. Ақтабан-Шұбырындыдан соң екі-ақ жүз мың адамы қалған ұлы жүз бен Орта Жүз 1913 жылға дейін жан басын қалайша қайтадан толтырып алды?.. Сирек жағдайда болмаса, қазақ ешуақытта тұтқынның басын шапқан емес: не айырбасқа пайдаланған, не қызын беріп күшік күйеу еткен, әйел заты қолға түссе баласын үйлендіріп, болмаса тоқалдыққа алған. Бір ру, бір атаның ішінде қалмақ ауылы, шүршіт ауылы, түрікпен ауылы болып бөлінудің себебі де осында. Бүгінгі тілмен мұны ассимиляция деуге де болар. Бірақ ассимиляцияда зорлық бар, қазақ жолында бауырға басу мен адамгершілік басым.

Екіншіден, генофондының мықты да дені таза болуын, тұқым қуалайтын асыл нәсілді сақтай отырып, тұқым қуалайтын ауру-сырқаудан арылу мақсатын көздеген. Осы уақытқа дейін хатқа түспеген дәстүрлі заң — әменгерлік те осының ішінде. Осы біз: “Көңілсізден көзсіз бала туады” деген мақалдың астарына мән беріп көрдік пе?.. Он алтысында тұрмысқа шыққан қыз бес бала көтеріп, қырыққа толған соң төсектен суиды. Осы кезде қырықтағы шаңырақ иесі дәулеті болса қалың төлеп, жиырмадағы қызды тоқалдыққа алған, бірақ

бар жиған-тергенінің үштен екісін бәйбішесіне қалдырған. Жиырмадағы тоқал бес құрсақ көтеріп, қырыққа толған соң, егер мал табатындай, төсек жаңғыртатындай қажыр-қайраты болса алпыстағы шаңырақ иесіне жаңа отау тігуіне рұхсат берген. Шаңырақ иесі екінші әйелдің бес баласына еншісін бөліп, от басын үшінші рет жаңартқанымен үш түтіннің де ұрпақтарына рухани, материалдық демеу жасау міндетінен, жауапкершіліктен көрге басы жеткенше қашқан емес.

Қырық жас пен бес баланы тегіннен тілге тиек етіп отырғанымыз жоқ. Бір анадан туған он бес баланың бесеуі болмаса, қалған оны өлжуаздықтан шетінеп кете берген, тірі қалғанының өзі мал қайырып, қойдың бақайын құрттаудан аспай, қамшы ұстауға жарамаған. Көшпелі жұрттың көп әйел алу себебін зерттеген батыстың өлеуметтік институттары қазақтың жоғарыдағы дәстүрлі заңын дұрыс деп тауып, денсаулығы қажыған әйелдің он бес бала тапқанынан көрі үш әйелдің бес-бестен он бес балаға өмір бергені халықтың генофондысының мықты болуына, жаңарып, жаңғырып отыруына, халықтың сан жағынан да, сапа жағынан да өсіп-өнуіне ең қажетті саналы дәстүрі деген қорытындыға келіп отыр.

Айтар ауызға дәстүрдің жаманы жоқ-ау. Сол дәстүрді заңмен бекітіп берсе де жалғастыра қоятын, кәрі-құртанды айтпағанда, кәзіргі қырықтағы қырмасақалдың қайбір шамасы бар екен?.. Бұл ретте тағы да тұрмыстық хал-ахуалдан туған тартыншақтықты, қоршылықты ескеріп отырмыз. Тепсе темір үзетін жиырма бесің қу тізесін күшақтап жүргенде, қырықтағы қырқылжынды қысып бара жатқан қай желік?!

## 5. Сөз түйіні

Сонымен әңгіме ұлттық генофондымыздың тозғанына келіп тіреліп отыр. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін бүгінгі ақиқат. Тіпті алысқа бармай-ақ, онсегізінші жылдан елуінші жылдардың басына дейін игі-жақсылардың, ойшылдар мен зиялы қауымның тұқым-тұяғымен қырылғанын айтсақ та жетіп жатқан жоқ па. Осыдан кейін империя асылдан қалған тұқымды ініне су құйып отырып неге күртты деген сауалға жауап іздемей-ақ қоялық. Қазақстан территориясындағы қырық жыл бойы жүргізілген атом сынағының зардабы төрт жылдық соғыстың зауалынан да асып түсті. “Халықаралық комиссияның радиациядан қорғанудың математикалық моделін есепке алсақ, 2010-2020 жылдарда үшінші ұрпақтағы тұқымдық нәсілдің бұзылуын тек қана “генетикалық апат” деуге болады. Өйткені бұл кезде тірідей дүниеге келген екі баланың бірі геномдық аномалияны өзімен бірге ала келеді. Егер өлеуметтік-медициналық шараларды дереу қолға алмаған жағдайда бұл тұқымды аздыратын ұлы қасірет болмақ” (И.Я.Часников, “Парасат”, <sup>1</sup> 12, 1996 ж). Осыдан кейін Алмания ғалымдарының “жиырма бірінші ғасырда Қазақстан дүниежүзілік картада болмайды” деген жорамалына сенерінді де, сенбесінді де білмей жағанды ұстайсың. Себебі, экологиялық апатқа, радиациялық қоқысқа тұншықпаған Қазақстанда тулақтай жер қалған жоқ, аспаннан жауған, аяқ астынан өрген радионуклиттерге халқымыз мелдектеп тойып отыр...

...Ендігі мақсат — мынау бақытсыз елдің бақытсыз туған кәзіргі жас ұрпағын аман сақтап қалу. Генофонд — халық болашағы, ел болғымыз келсе, жастардың бүгінгі таңдағы проблемасы мемлекеттік саясаттың бел ортасында тұруы тиіс.

Экономикалық қиыншылық ең алдымен жастарды төбеден ұрды, мұның зардабы рухани деградацияға ұшыратып отыр. Қазақ қауымының, оның ішінде жастардың оқу-білімнен қашқаны былай тұрсын, тәуелсіздік алдық деген соң коммунистік идеология мен әлеуметтік институттардан іргені аулақ салып, қоғамдық томаға-тұйықтыққа, санасыз сандалысқа тап болдық. Жастарды ең әуелі осы тоқыраудан, рухани кедейліктен, жандүниесінің экологиялық тозғындауынан алып шығу міндеті тұр.

Қалай дегенмен де қазақ жастарының негізгі фундаменти ел іші еді. “Қыз кеткен соң ауылдан қызық кетер” демекші, қазіргі ауылдың жағдайы көпшілікке белгілі. Жастар әу деп шаруадан айрылды, мұнан соң мәдени ошақтар жабылды, енді келіп мектептері жабылып жатыр. Қарайлайтын қарекет, ұрынар қара таппаған соң ұл мен қыз қағынан жеріген құландай қалаға жосылды. Қайда қашсаң да қорқыттың көрі, қаланың асфальтіне бозторғай жұмыртқалап жатқан жоқ. Құлқын сәриден дірдектеп, жұмыс іздеген жігіттерді, кафе мен ресторандардың есігін сағалаған бойжеткендерді бүгінде қайыр сұраған сығандар да менсінбейтін болған. Өмірден күдер үзген кейбірі өзіне өзі қол жұмсап, ашынған, ашуланған кейбірі қылмыскерлердің тобын көбейтіп жатыр.

Жұмыссыздарды былай қойғанда, көшедегі ләпкешіден де Абай мен Абылай шықпайды. Түбі қазақты ел қылатын ләпкешілер мен базаршылар емес. Мектеп пен тәрбиенің, тәртіптің атасы — еңбек. Жастар күшін жұмсайтын шаруаға зар. Өткеннің бәрі жаман емес. Машинаға сеніп, аттан айрылды. Бүгін қарға адым жер мұң болды. Комбайнға сеніп, қолорақтан айрылды. Бүгін есік көзіндегі егінді, күресін басындағы шөпті шаба алмай шерменде болып отырмыз.

Ауылшаруашылығына инвестор тартып, қайтарымы үш, бес проценттен аспайтын ұзақ мерзімдік несие беріп, иықтан басқан бүгінгі салық мөлшерін азайтпай ел тұрмысы көтерілмейді. Әйтпесе, кәзіргі салық — ішіне ине жүгіртіп итке бір үзім нан лақтырғанмен бірдей. Мәдени ошақтары мен мектебін, ауруханасы мен емханасын, медпунктері мен тұрақты тұтыным саудасын қалпына келтіріп, ең болмағанда кешегі таз телпегін қайтарып берсек, жастар ауылға өзі-ақ жосылары хақ. Халықтың ел болуға деген іштей дайындығын, интеллектуалдық мүмкіндігін көтермей кез-келген бағдарлама сәтімен жүріп кетпейді. Жастың тағдыры — болашақ уайымы. Болашақтың тұлғасы бүгін дайындалмақ. Көрі байығанша жас байысын. Көрінің бір аяғы жерде, бір аяғы көрде. Жас ертеңгінің үміті. Абылайдың түсін Бұхар Жыраудың қалай жорығанын ұмытпалық.

*1997.*

## АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ БОЛМАСАҚ ТА...

Қадірлі қаламдастар! Бауырым Рысхан! Көлденең өткен көк аттының аузына салып жіберген сырттай сәлемге де семіретін қайран қазақ едік, мынау базар нарқына байланысты ассалаумағаләйкүмнің өзі де қымбаттап тұрған заманда тілхаттарыңды алып, қарын бөлемнен қарызым қайтқандай көбендеп қалдым. Ләпкеші мен алыпсатардың алақанына қарап, алаяқтың аузына әулиедей табынған алмағайып уақытта әдебиет пен өнердің коммерциямен, саясатшылармен бақ таластырар шамасы қайда. Сонан соң да жан баққан қаймана қазаққа жазушы деген жұрағаттың қадірі шамалы болып қалған жоқ па осы?.. Қолыма тұңғыш қалам ұстатқан “Екпінді” екенін жалпақ жұрт тұрмақ зиялы қауым да біле бермес, өткеннің сағынышын қуалап, “Кітап палатасынан” елуінші жылдардағы “Екпіндінің” картотекасын іздетіп отыратын Ысқақовты бүгінде Қалиханнан басқа тағы да ешкім түсіне бермес. Әркімнің сағынышы өзіне қымбат, сол сағыныш әсіресе қартамыштың қалған өміріне азық екен. Алдымен ұшқан ұямды есіме салғандарыңа мың да бір рахмет!..

...Шарқайды Семейдің еспе шаңына жұлығынан тойдырып жүріп-ақ көш-құлаш мақала, жұрт оқымайтын желкөбік суреттемелер жазғанымыз есімде. Күнкөріс үшін сегіз сағат бойы тоқыма

станогінің зырылымен жарысып, бояу қайнатқан бу қазанның деміне пісіп, шуаш мұңкіген жүн-жұрқа, жидіген мақта құсығын көкірегімен кептірген жесір әйел, жетім қыздардан Совет өкіметінің патриотын жасаған кездеріміз де болған. Осының шылғи өтірік екенін біз түгілі жұрт та білетін. Бірақ, амал қанша, күнделікті баспасөз түгілі көркем әдебиеттің көмейіне күйелі көсеу жүгірткен заман еді ғой. Азаматтың арманын бөгеп, қиялын тұсаған, құдай-ау, қиянатыңнан, қияметіңнен сақта деп қалтыраумен күн кешкен мезгіл еді ғой. Қаламгерлер “көңілдегі көрікті ойын” қағазға түсіруге жасқанып, қаймыққан көңіл, шайлыққан жүрек қаңжылап отырып жалған сөйлегені ше?! Жалған сөйлеткені ше?! Бұған көнгендер көп болды. Көнбегендер де болған. Көнгендерді өтірік қолпаштап, көнбегендердің қаймағын сыпырып, итжеккеннің итіне тастады да, қалғандарын көлеңкеде қалдырған жоқ па. Тауқыметін тартқан алдыңғы толқындарды айтағанда, кеше ғана соның шет-жағасын көріп, куәгер болған жоқ па едік...

Ғұлама мен қажылардың, жырау мен ақындардың ақ ордасы да, көк ордасы да атанған Шыңғыстау еді, сол өңірді өрттей жалмаған Октябрдің “шапағатының” арқасында жарты ғасыр дегенде жалғыз шыққан прозаик Көмен ағаның алғашқы романын ит жұлған терідей жұлмалап, жылқышыға жыр, қойшыға қор қылып басқанын еске алсақ, күлерінді де, жыларыңды да білмейсің. Қасиетті Шыңғыстауды атомның тажалы тұншықтырып жатқанда, сол жердің төліне: романында өмірдің көлеңкесі көп екен, бүгінгі социалды шындық, жарқын болашақ қайда? — деп құйрығына қалжуыр байлап жібергені қайда? Сол қалжуырын қаңғырлатып, ағамыздың Алматы мен Қарауылдың арасында неше жыл сандалғаны қайда?.. Шүкір, қолжазба қабылданды дегенде

“Арычная” дейтұғын кешенің ар жағында, қалың қойтастың арасында Рысханның пәтерге жалдап отырған мәтүшкенің шошқа қорасында жарты шөлмек, аталамен той жасағанымыз есімде. Рысхан екеуміздің әдеби процеске алғаш қосқан “үлесіміз” осылай басталған еді...

...“Арычная” көшесі Абай даңғылы атанады деп кім ойлапты Тас мүсіні болса да Алматыға Абай келеді деп кім ойлапты Кешегі шошқа қораның орнында Президент Сарайы тұрады деп кім ойлапты!.. Абай жүрген жерде оның ұрпақтары неге жүрмесін. Бү-гінгі бүкіл қазақ Абайдың ұрпағы емес пе! Аллаға шүкір, Тобықтының Абайды туып бергені қандай жақсы болған, әйтпесе, бүкіл қазақ Абайсыз қалғандай екен-ау...

Сол Абайды туған қазақты, аруағын Абай кетерген қазақты жоғалтып алып жүрмейміз бе деген үрей көңілден әлі кеткен жоқ. Жат жұрт жөткірініп қалса, селк етіп жүрегін ұстайтын запы көңілдің әдеті ме, тәуелсіздік алдың деп қуанғанмен аяқты алшаң басатын мезгіл әлі де жеткен жоқ сияқты көрінеді де тұрады. 1919 жылдың ақпанында “Қазақ халқына” деген үндеуінде ВЦИК мүшесі М. Фрунзе: “История всегда приходила к Вам злой мачехой и палачом” — деп жазып еді. Басалар жендеттің қанды шеңгелінің қолқада қалған жарасы әлі де үңірейіп тұр-ау...

“Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман” дегенде Абай бар болғаны қырық жаста екен. Қырық жаста қартайғаны қалай? Ақынның халқынан жасырғаны жоқ еді, мінін де, мінезін де тарамыстай тарқатып, тіршілік болмысын жіліктеп бергенде, қазағына жеткізе алмағаны тек арманы ғана болса керек. Абайдың арманына бір ғасырдың өзі бой теңестіруге жарамай отырғанда, “тамағы тойса” бар дүниені ұмытып, қарақұсынан қанжар



төніп тұрса да “жатуға” дайын тұратын салбөксенің өресі қайдан жетсін де. Абайдың уайымы да, қайғысы да осы емес пе екен? “Атым адам болған соң, қайтып надан болайын, халқым надан болған соң, қайда барып оңайын” — деп еді, ақынды қажытқан халқы болғанда, қартайтқан кім?.. Сол қырық жасында: “көк тұман алдындағы келер заман” дегені қайда? Сол заман алдымен Абайдың өзіне не істеді? Ысқақтан қалған жалғыз тұяқтың Ташкенге қашып барып зорға аман қалғанын айтпағанда, алпыс түтінді бір әулеттің бүкіл генафондысын тып-тыйпыл қырып салған кім?.. Қандай жазығы үшін? Неңдей мақсатпен?..

Ата-бабасының жерінен қуылып, Еділ мен Жайықтан, Есіл мен Ертістен ат суарғаны үшін атылып кеткен жеті атамыздың көмусіз қалған сүйегін даулап отырғанымыз жоқ. Халқымды шоқындырмаймын деген Кеңгірбайды сақалын күзеп, арба соңына нокталап байлап, сонау Шыңғыстаудан Семейге жалаңаяқ айдаған казактарға ардақтымызды қорлағаны үшін айып төле деп отырғанымыз және жоқ. Халқымызды үш ғасыр бойы дінкелеткен ұлы нәубет — басқыншылықтың мың, миллион қиянатының бірінен бір сақалды сауғаға беріп, ел болып жүріп Кеңгірбайдың қара басын құтқарып алған екенбіз. Халқын қасіреттен құтқардық па?..

1731 жылы бір грамота, 1740 жылы екіншісін, 1881 жылы үшіншісін тапсырып тұрып, казак бізге қосылып ел болады деп езуінен күле кекетіп, жарылқап тастағандай әлемге жар салған колонизатор бізге жасаған “жақсылығының” бодауына бір қазақты қақ бөліп, Шығыс Түркістанды көрші елге кесіп бергенде тырп еттік пе?

Үнімізді шығарған жоқ.

Кешікпей сол “жарылқаушы” мекенінен көшпеген ұлы Жүздің еркек атаулысын киізге орап тірідей отқа лақтырғанда, ұрғашысын өртке қамап, қашып шыққандарына оқты қимай, мылтықтың құндағымен мылжалағанда, бесіктегі сәбидің сирағынан суырып, басын тасқа ұрып, құрсақтағы баланы жарық дүниені көрсетпей анасының ішін жарып, жатырында жоқ қылғанда тырп еттік пе?

Үнімізді шығарған жоқ.

Осыншама озбырлықтың төркіні неде?

Егер тарих әлемдік соттың ұлы мәжілісін шақыра қалса, басы Бірінші Петрден бастап тізімдеп, жауапқа жүгіндіруге болар еді. Шыңғыстау мен Алтай өңіріне Ертіс пен Бұқтырманы бойлай екі дүркін экспедиция жібергенде патша ағзам Жерұйықты (Страна Беловодье) ғана іздеткен жоқ, көздегені Үндістан, арманы Үнді Мұхиты еді. Арман жолындағы алынбас қамал — қазақ елі болды. Тұрақты армиясы болмаса да, жау тисе тұтас халық болып атқа қонатын майдансыз көшпелілермен соғысудың қиындығын ескеріп, Бірінші Петр Үнді Мұхитына жетудің жоспарын болашақтың үмітіне қалдырып еді. Соның сәті он сегізінші ғасырдың алғашқы жартысына, Фрунзеше айтқанда, “тарих қазақ халқына тағы да өгей шеше, баскесер жендет болып келген” сәтіне дөп түсті де, Ресей мен Цин империясының қолына адам ойлап таппайтын алдаудың авантюралық саясатын ұстата салды. Қазақ даласын екі бүйірден сығып жатқан екі алпауыттың 1731 жылғы мамырдың 23-інде жасасқан келісінде мың түрлі астар бар еді. Ресей империясы сол кезде дәуірлеп тұрған Жоңғар хандығын қазаққа айдап салып, қазақ қырылған соң жоңғарларды қытайдың қылышымен құртамын деді. Цин империясы қауіп төндіріп отырған жоңғарлардың бетін қазаққа бұрып, қырғын аяқталғанда

Жоңғарды, Орта Жүз бен Ұлы Жүзді басып аламын деді. Ресей қол ұшын беремін деп қазақты, одақ боламын деп қытайды алдағысы келді. Қытай жоңғарды күртсақ жұрағатпын деп қазақты, шығыстан қолыңды қақпайтын көңілдеспін деп Ресейді алдағысы келді. Екеуі де Абылайды алдадым деді, екеуінің де құлқыны қазақтың қазанында тоқайласып, бірі қазақтың қараорманы арқылы шығысқа, бірі Орта Азияға сұғынамын деді. Бірақ, екеуі де ішкі сырларын бір бірінен жасырды, екеуі жиылып Абылайдан жа-сырдым деді. Мұның немен тынганы әлемге әйгілі. 1881 жылы Жәркентте Ресей империясы қазаққа үшінші грамотаны тапсырып жатқанда Цин империясы жіп тартып, Шығыс Түркістанды кесіп алды да, қарзақ жерінің бір пұшпағын қармап қала берді, Ресей Үндістаннан, Үнді Мұхитынан күдерін біржола үзді. Тек бір сұмдықты бүкіл әлем сезбей қалды. Күні бүгінге дейін әдіп астында жатқан сол саясат не еді?..

...Қазақстаннан екінші Үндістан жасау саясаты дәп осы кезде туған. Мәңгілікке жасалған бұл программа бойынша қазақ жарты Европаны тегін асырайтын тек қана шикізат көзіне айналуға керекті. Құдайға шүкір, жарты Европаны тегін асырап, күні кешеге дейін біз де өз міндетімізді қалтқысыз атқардық. Бірақ... “француздар жеңетіндігін танытты, орыстар жеңілмейтіндігін танытты” — деп Наполеон айтпақшы, екі ғасыр соғысып (1695—1795, 1781—1881 жылдар), казак елі алынбас камал екенін дәлелдеп те шықты, титықтап та бітті.

Өткенге салауат дей салатынымыз бар, бәріне салауат дей берсек, халқымыздың шын тарихын хатқа қалай түсірмекпіз? Тарихы бардың жеңісі де, жеңілісі де бар, ұтысы да, ұтылысы да бар. Бұл да бөксемен басып отыруға болмайтын, түбі айтылуға

тиіс ақиқат. Абайды қажытқан, қартайтқан, өлтірген де осы ақиқат!..

Жетпіс жыл бойы тарихымызды бөтеннің аузынан естіп, бет-жүзімізді бөтеннің жасаған қисық айнасынан көргенімізге тәубе дедік. Өз тарихшыларымызға писарылік қана қызмет беріп, “біз жасадық”, “біз жасап жатырмыз” деп діңкілдеген диктаттың айтқанын мойындаған куәгердей, соавтор дейтұғын кімнің қанжығасына байласаң да қона кететін жанторсық қылды. “Алдына келсе атаңның құнын кеш” дейді қазақ. Қазақтың алдына келіп кім кешірім сұрапты? Әлі де сұрағысы келіп отырғаны шамалы.

“...отношения, создавшиеся между пришлым европейским населением и коренными народами, в результате пятидесяти с лишним летней империалистической политики российского самодержавия за два с половиной года Советской власти, находившейся в руках чрезвычайно тонкой прослойки русских рабочих, сильно зараженных колонизаторской психологией, не только не изменились к лучшему, но еще более обострились благодаря своеобразным “коммунистическим” действиям, рассматриваемым поработенным коренным населением, как продолжение действий агентов старой царской власти и по существу являющимся таковыми”. В. И. Ленин. “Замечания на проекте решения ЦК о задачах РКП(б) в Туркестане”. 13 июня 1920 г.

Боданды елге жасаған патшалы Ресейдің елу жылдық қиянатынан Совет өкіметі екі жарым-ақ жылда асып түссе, жетпіс жылда не істеді екен?

Демек, Лениннің кезінде де колонизаторлық саясаттың әл-іппесі ешқандай өзгермепті, “бөліп ал да билей бер” дейтұғын ұранның үні өшудің орнына өрши түскен, Лениннің өзі де коммунистерден патша өкіметі агентінің елтаңбасын танып

отырған жоқ па. Садизмнің символы болған охранка мен жандармерияның қызметімен дүние жүзінде ешбір ұжым таласа алған емес.

Бұл тек жиырмасыншы жылы ғана. Жиырмасыншы жылы не болып еді?..

Бір ғана Түркістан өлкесінде 1918 жыл мен 1920 жылдың қаңтарына дейін екі миллион көшпелі аштан қырылды. Ақмешіт пен Ташкент аралығында жусап жатқан өлікті көміп үлгере алмай, теміржол бойының оры мен жырасына арбалап төгіп, бетін зорға жапқан жоқпыз ба. Дәл сол жылы Түркістан компартиясының бесінші конференциясында баяндама жасаған Тұрар байқұс жалғыз өзі шыр қағып, халқының қасіретін айтқанда, орталықтан келген компартияның аристократтары Ленин бөлген азғантай қаржыны өздері бөліп жеп: аштық жайлы аузынды ашпа, көшпенді жұрттың цивилизацияға ергені қалады, қырылғаны — “естественный отсев” деп шіреніп еді ғой.

Көмпескеге қарсы деп, көліктіпке қарсы деп Созақта бір түніде бір ауылда бес жүз қазақты қырып салғанымыз қайда? Бұл бір ауылдың құрбаны. Бір Созақта қанша ауыл? Бар қазақта қанша ауыл? Мұндай “көтерілістер” әр облыста, әр ауданда болды десіп қарудың күшімен “басып” еді. “Бандылар” мен “қарақшыларды” қырып салып, қалғандарын “бай тұқымы”, “кұлақсың” деп итжеккен айдап, онан қалған Қаратау мен Сырдың қазақтарын Көктастың, Домның, Риддердің қорғасын руднигі мен карьерлеріне, шахталарына айдап, керісінше, Алтай мен Шыңғыстың қазақтарын сахараның құмына қамап зорға тауысқанымыз қайда? Қазан төңкерісі болып жатқанда, азамағ соғысы жүріп жатқанда, Совет өкіметі орнап жатқанда қарсы тұрып, шошаң етіп қолына мылтық ұстамаған, басып өткен ақтардан бір қырылып, қуып жеткен қызылдардан екі

қырылып қанжоса болған қарусыз момын ел отызыншы жылдары нағып желіге қалды екен? Ән-ке-ве-де, Ке-ге-бе: бүкіл қазақ қылыш жалаңдатып ат үстінде жүрген деп сендірді. Ұяттан Совет империясының бетіне қарай алмай, жетпіс жыл бойы сүйекке таңба, беделге нұқсан болып, ақыры “казахский национализм” дегенді қасқа маңдайымызға жапсырып беріп еді. “Атың шықпаса жер өрте” дейтұғын, бұл атақ та “фашистік нацизм” дегеннен кем түскен жоқ.

Құдайға шүкір, бір ғана Созақ “көтерілісі” емес, жер-жердегі бүліктің бәрі де ВЧК-ның жоспарлы түрде ұйымдастырған арандатуы екені бүгін әшкереленіп отыр. “Банды” дегені елге басалқа болған игі жақсылар, “қарақшы” дегені солардың ақылы мен аузына қараған артындағы қарашасы болып шықты. “Бандыларға” басшы болып, Шәкәрім мен Мәдилердің жүргенін айтсақ, қалғандарын тізіп жатудың қажеті жоқ шығар. Сол сияқты екі жарым миллионды жұтқан отызыншы жылдардың жұтын кім әкелді деп те дәлелдемей-ақ қоялық, Л. Толстойдың: “бір халқты қыру үш кәсібінен айыру жетіп жатыр” дегені бар. *Большевиктер ұлы жазушының “Воскресеньесін”* оқыды ма, оқымады ма, кім білсін... Бұған қосарымыз, бір халықты тып-типыл қырып жіберу үшін алдымен оның мәдениетін жою керек.

Халықты ұлы ететін де, оның ұлылығын өлемге танытатын да сол халықтың мәдениеті. Мәдениетіне мән бермеген ұлт құрдымға бет алған жұрт. Қазақтың дара перзенті Абайдың ұлылығы неде дегенді кәзір де жұптап айта аламыз ба? Көбіміз оны Абайдың ақындығынан іздейміз: рас, жарты-ақ ғасыр өмір сүрген Абай поэзияға сан ғасыр жасай алмаған жаңалық әкелді, реформатор ретінде бүкіл Шығыста оның теңдесі жоқ, бірақ, бәрі бір, Абай бір ғана поэзияға сыймайды. Енді біріміз оның

нақыл сөздеріндегі ғибратнамасынан іздейміз: рас, бір халықтың мінез-құлқына, тірлік қаракетіне, психологиясына анализ жасай отырып, осы қазақ қайтсе халық, қай мінезінен құтылса, мінінен құтылса ел болады дегенді айтып кетті, бірақ, бәрі бір, құр әншейін ділмар ақылшыға Абайдың үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Енді бір қалғанымыз оның философиясынан іздейміз: сондағы жетістіргеніміз – қазақты “пролетарлық революцияға шақыра алмады” деп, “материализмге жете алмай қалған идеалист-ағартушы” деп қорлағанымыз былай тұрсын, тіпті, “феодализмнің реакцияшыл идеологі” деп, оның бүкіл творчествосын тарихтың күресініне лақтырып тастамақ болғанымыз қайда?.. “Мыңмен жалғыз алыстым” деп қапа шеккен қайран Абай, “көк тұман алдындағы келер заман” деп сәуегейлік жасауына қарағанда өлген соң да онымен алысатын, аруағын тепкілейтін “данышпандардың” табылатынын білген сияқты. Бодан елдің жылт еткен үмітін тұншықтырып өшіріп, бұлқынған “тентегін” сақалынан алып сүйреген колонизатордың ұлы державалық шовинизміне өкпелемейміз-ау, жиырма жылда коммунизм орнатып беремін деп алпыс түтінді бір өулеттің генафондысын жалмағанын былай қойғанда, Абайдың отаны Шыңғыстың сары жайлауын көшкен елдің сары жұртынан бетер мәңгілікке тоздырған атом бомбасының алапатын қай геноцидке жатқызар екенбіз? Полигон Семейді тегін таңдап па?.. Абайдың жарты-ақ ғасыр өмір сүргеніне артындағы елі өкінді, күні бүгінге дейін өкінеміз. Бірақ, “сурет жоқ, сипат та жоқ көзің талған көк тұманға” жетпей өліп кеткені мұндай сәтті болар ма, әйтпесе, жетпіс жыл өткен соң Шәкәрім мен Байтұрсыновтардың қатарынан,

көмүсіз қалғандардың тізімінен іздеп жүрмесімізге кім кепілдік беріпті?..

Абайдың ұлылығын халқынан бұрын дұшпаны таныған.

Абай тұтас бір халықтың мәдениеті. Абайдың ұлылығы да осында.

...Пушкинге дейін де орыс тілі болған. Бірақ, орыс тілінде орыс жұрты ғана сөйледі де, басқа әлем орыстың тілі бар-ау деп елеген де жоқ. Сан түрлі диалектіге бөлініп, теріс пен түстік бірін-бірі түсінбей тілмашқа зәру бола бастағанда Ломоносов шықты да, ортақ тіл жасаймын деп лингвистикалық ғылыми құжаттар жазды, ақындардың егініне түсіп, поэзияда бағын да сынап көрді. Сол еңбектер қайда? Кімге сінді? Сол өлеңдер қайда? Ломоносов поэзиясын үлгі тұтып, соның ізін қуған бірде-бір ақынның жоқтығын айтпағанда, ең құрыса оқып жүрген пенде бар ма? Жоқ. Дүниеге Пушкин келді де, бәрін өшіріп тастады. Пушкиннің ұлылығы оның ақындығында ғана емес, орыс тілінің, орыс әдебиетінің мәдениетін жасауында. Роман тілін, оның ішінде француз тілінің бүкіл жүйесін негізге, ала отырып, орыс тілінің мәдениетін Европаның деңгейіне жеткізді. Орыс халқы Пушкинге қарыздар болса, Пушкин француздарға қарыздар. Ал, қазақтың Абайы Алладан басқа ешкімге қарыздар емес!

Бергісі қазақ, арғысы түркі әдебиетін Абайға жүкті қылған он тоғызыншы ғасырға рахмет! Егер Абай өзіне дейінгі ұлы перзенттерді мінесе, оларды менсінбегені емес, сыпыра жыраудың шекпені, он бір буынның күпісі ауыл үйдің айранына болмаса, жаңа ғасырдың сыйпатына беделі жүрмей, Абайдың иығына сыймай қалғандығында еді. Қара өлең мен сыдыртпа сарынды терменің өлшемін Абай болмаса да, Абайдай бір дананың бұзуы хақ еді. “Шортанбай Дулат пенен Бұхар Жыраудың Абай жамандады деп,



жарты ғасыр бастан жақты айырғандай халқынан жырып, анафемаға шығарған коммунистік үкімге керегі қазақ поэзиясының Абай жасаған құдіреті емес, Абайға дейінгі ақыны бар, ақылы бар, бүкіл рухани кеніміздің коммунистік идеологияға, колонизаторлық саясатқа жаттығы болатын. Әйтпесе, Абай ешкімді өшіріп те, көшіріп те тастаған жоқ, сол Шортанбай, сол Дулат, сол Бұхардан қазақтың теңдесі жоқ әдеби тілін жасап, бүкіл әлемнің мәдениетімен таластырды да, академик Радловтың аузына: қазақ тілі түркі тілінің алтын қоры, француз тілінің Европа мәдениетіне қандай әсері болса, қазақ тілінің бүкіл түркі мәдениетіне құдіретті ықпалы сондай, — деген сөз салды.

Сан жылғы талас-тартыстан соң ғалымдарымыз: қазақтың әдеби тілінің негізін қалаған Абай, өзегі Арқа регионы деген тоқтамға келген еді, кейіннен кішкентай-кішкентай ло-моносочниктер шіңкілдеп шыға келді де: аттан! жершілдік! қазақ тілін Арқаның қотанына қамап, бұғалықтап жатыр! — деп байбалам салып, Абайдың бешпентін тартып кимекке ұмтылды. Етекте тезек теріп жүргені есінде жоқ, аспандағы қазақ тілінің монархы — Абайды құлатқысы келгенін қайтерсің!.. Ежелден жат жұртқа тілмаш болып, жақынның бар қасиетін, бар асылын теріс түсіндіріп келе жатқан жарамсақтар сүйегіне сіңіп кеткен әдетінен қайдан арылсын. Түбі, тіл туралы даудың қоламтасын қоздатқан да осы кішкентай “чиктер”. Әйтпесе, жер қазақтікі, елі қазақ, мемлекет қазақтікі, сонда оның тілі кімдікі болуы керек? Княгинин айтқандай, бұл дауға, дауысқа түсетін мәселе ме еді?.. Мемлекет қазақтікі, тілі орыстікі болса дүниенің жүзі артын ашып күлер еді-ау. Ал, қазақтың маңдайына тек жылауды ғана жазып па?!

Тілді жоғалту — Абайды жоғалту, Абайды жоғалту — қазақты жоғалту. Басқыншылық саясаттың баяғы мақсаты да, кеше ғана құлаған империяның мұраты да осы еді, тіл төңірегіндегі дау, буынсыз жерден пышақ ұру — соның жалғасы екенін орыс, қазақ білмей отырды деймісің?..

Біліп отыр. Біліп отырып-ақ: біріміз іштегі итше ұлып жатқан колонизаторлық психологияны ырылдатып қойып отырмыз, біріміз — үш ғасыр бойғы бодандықтың бейшара мүсәпірлігінен құтыла алмай, тағы да шапалаққа жағымызды тосып отырмыз. Біріміз іштегі итті өлтірмей, екіншіміз ес жиып бір сілкінбей, бұл даудың бітімі бола қояр ма екен?..

Бітім жолы табылар. Бірақ, ымырашылыққа жол қалған жоқ. Десек, те, империяның құлауы мұң екен, кейбір саясатшыл азаматтарымыз шенеуніктердің тағына отырып алған соң халқын да ұмытып, кешегі ұлтжандығы да, патриотизімі де су сепкендей сап болып, түтіні де шықпай қалды. Оның есесіне атадан қалған мұраны, ана сүтімен келген қасиетімізге дейін кесіп-кесіп, келген жұртқа сыбаға бөліп беруге әзір. Сөйте тұра тағы да Абайшыл.

Бүгінде бәріміз де Абайшыл болып алдық. Абай танудағы Мұханның шайнап бергенін жұта алмай жүріп, өтірік те болса өзін зиялы қауымға қосқысы келетін қотиындар да Абайдың аузын жалдап, сөресіне қыстырған ұлы ақынның әптиектей ғана екі кітапшасымен сыпайы жұртқа сес көрсеткісі келеді. Бұған да шүкір! Намазды теріс оқыған шала мұсылманға да мүсіркегеннен басқа жаза жоқ. Қандай бір ситуация, қандай оқиғаға тап келме, алдыңнан Абай тосып тұратыны рас. Өйткені, ақындықтан да, ақылдан да алдына жан салмаған Абайдың баспаған оты жоқ. Бірақ, ұсақ-түйектен Абайды іздей берудің қажеті қанша? Біз осыдан

бір ғасыр бұрын ұлттық идеологиямыздың сұлбасын жасап кеткен Абайды, философ, қоғам қайраткері Абайды неге іздемейміз? Оның бүкіл творчествосын тек поэзия, ақыл мен нақыл деп қана ұқпай, ұлтымыздың моральдік кодексінің әр сөресі, параграфы деп қабылдасақ, Абайға артық болып кетеді деп қорқамыз ба? Түптеп келгенде, бұл қазақ қоғамының кезінде іске аспаған әлеуметтік реформасының нобайы Абайдың халқына жеткізе алмаған арманы емес пе еді.

Ұлттық идеология жоқ тәуелсіз ел – ескексіз қайық секілді, жел қай жаққа тұрса, солай айдап кете бермек: қайраңға соғылып қирай ма, жоқ әлде бір жағадан шыға ма, шықса қай жағадан шығады?

Тәуелсіз ел болдық деп неше қатпар заң, сан тәсілімді кодекстерді қабылдап жатырмыз, тұңғыш конституцияға да қолымыз жеткен сияқты. Осының бәрі тәуелсіз елдің тұңғышы ма?.. Маған Европадан, тіпті кешегі тоталитарлық заманнан прокатқа алған көшірме сияқты көрінеді де тұрады. Мейлі, көшірме *болсын-ақ, ол да жораға жүрер, бірақ, қазақтың ұлттық психологиясына, сан ғасыр қалыптасқан салт-санасына, тіршілік-болмысына, өзімен, өзгемен қарым-қатынасының әдебіне, әдетіне сыя ма, сіңе ме? Зорлап кигізген тар шекпен де, мол шекпен де адамның сыйқын да, сымбатын да бұзады. Бойға сіңбеген бөтен қасиеттің кейін қасірет болмасына кім кепіл? “Осы біздің қазақтың жаттың бір тәуірін көрсе “жарықтық” деп жалбырай қалып, мақтай қалып, өз елінде содан артық адам болса да танымайтындығы қалай?” — деп Абай айтпақшы, алтын ерге мініп отырып бөтеннің ыңыршағына қызығатынымыз не? Арыдан санасақ, түрмесіз қазақты түгендеп ұстаған Тәуке ханның “жеті жарғысынан”, бергіден санасақ, қилы заманның қылышынан халқымызды қалай сақтап*

қаламыз деп қайғы жеп, тал қармаған Абай тағылымынан бүгінгі заң, бүгінгі кодекстерге бір нұсқа кірді ме? Жоқ. Сөйте тұрып бәріміз де Абай болғымыз келеді.

Өтірік те болса Абайшыл болғанның айыбы жоқ шығар, өтірік Абай болғысы келгендердің ең құрыса аруақтан қорыққандары жөн еді. Орынсыз көсемсіп, халыққа, халықтың қасиетті дәстүріне орынсыз тіл тигізген әсіресе міншілдер де Абай болдым дер ме екен?..

“...Ертіс, Алтай төрінен Қаратай елінен келген Ережеп шақырылыпты”. (“Абай жолы”, үшінші кітап, 370 бет). Қарамола шербешнайына қатысқан Ережеп — Қаратай еліне отыз жыл болыс болған біздің атамыз. Баласы Әбдікәрім — Мемлекеттік Думаның мүшесі, Шәкәріммен, Тұрағұлмен, Әлихан Бөкейхановпен дәмдес, сырлас бола жүріп қарадан бойы озған зиялының бірі еді. Абайға еліктеп, елдің талапты деген жастарын төрт баласына қосып Санкт-Петербург университетінде, Мәскеудің сауда-коммерциялық институтында, Ғалия медресесінде оқытып білім әперген, ауылдан орыс-түзем мектебін ашып, мұғалімдікке Семейге жер ауып келген саяси тұтқындарды губернаторға қолхат беріп сұрап алыпты. Әлиханның тапсыруымен сол кезде өкпе ауруына шалдыққан Сұлтанмахмұтты елге апарып, тосаппен емдеп, боз биенің сүтіне шомылдырған. Ақындығымен де Өр Алтайда әжептәуір аты шыққан сол Әбдікәрім: — Болмасаң да ұқсап бақ деген Абай сөзі дуалы ауыз, есті құлаққа арналған, бәріміз бірдей Абай болмаспыз, Абайды қорламай тұрғанда өлеңді осымен доғаралық! — деп қаламды мүлдем тастап, Санкт-Петербургтің орман шаруашы-лығы академиясын жартылай түгесіп қалған кезінде біржола ел қамына кірісіпті.

“Қырда туып, түзде өсіп,  
қала көрмей,  
Саяси ғылым бар деп баға  
бермей,  
Баспын деп бір тайпа елге  
мәз болғанмен,  
Азабын бір тартарсын  
жүрсең өлмей!” —

дегенді Әбдікәрім өзінің болашақ тағдырын болжап айтқандай екен. Жиырма бес жыл Қаратай жұртының зорлауымен болыстықтан түспей, елім деп қара басын тауға да, тасқа да ұрған есіл ер коммунистік режимнің құрығынан құтыла алмай, ұрпағымен сипан-таза құрып кетті. Абайды да аямаған қу тағдыр Әбдікәрімді шопақ құрлы көрсін бе. Әңгіме мұнда да емес, “танымадық, жарымадық жақсыға бір іргелі”, — деп тағы да Абай айтпақшы, бүгінде: тоқтандар, бәрің бірдей Абай емессіңдер! — деп айғай салар ешкім жоқ сияқты.

Поэзияның көгіне Мұқағали шыққалы Абайдың беделі түсіп қалды, ақын ретінде Мұқағали Абайдан мықты екен ғой деген әңгімені әдеби процесті бес саусағындай жіктеп беретін белгілі қаламгердің аузынан да естіп қалдық. Әркім талғамына қарай Мұқағалиды қай биікке көтерем десе де айып емес. Бірақ, әр ақынға жарасар өз биігі бар емес пе. “Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын”, — деп Мұқағалидың өзі айтқаны қайда. Жүректің қылын шертетін Мұқағалидың камерлық лирикасын Абаймен жарыстырған әділетке сыяр ма екен? Мұның өзі скрипка квартетін симфония оркестрімен таластырған болып жүрмей ме? Абай боламын деп емес, Абайша жазамын деген Шәкәрімнің өзі де Абай бөркінің ауырлығынан әнтек басып тұрған жоқ па?..

Өткенді сіңірмей өсу жоқ. Тепкішектің етегі болмаса төбесіне қалай шығарсың? Мен поэзияға зәру емеспін, поэзия маған зәру деп көкірек қаққан кейбір ағайындарымыздың басы айналып, құлап кетпесі үшін етекке де, төбеге де бір қарап алғандары жөн еді. Өзгенің телпегін тарсынады екенбіз, ендеше, алдымен өз бөркімізді үкілеп киіп алалық та.

Өнердің озығы оның мәдениетінен танылса керек. Мәдениеті мешел әдебиет — таптаурын. Біз кәзір сол таптаурында тұсалып отырмыз ба деп қорқамын. Сондықтан өзгеге емес, өзіміздің өткенімізге қайырылып бой түзейтін уақыт жеткен сияқты. Әр халықтың өзіндік рухани өсуі бар емес пе. Ежелден түрмесі жоқ қазақты жиырмасыншы ғасырда бөтеннің темір торлы демократиясымен қарық қылдық деп те мақтанғанбыз. Демек, қазақтың маңдайына біткен қасиеттің бәрі жаман болмаса керек. Қазақтың басқаға да қарызға берер үлгісі бар. Ендеше, күмілжи бермей, Абайға қайтып оралып, алдымен Абайымызды танығанымыз жөн болар.

Абайға жету үшін қақсал тарихқа осыншама экскурс жасаудың қанша қажеті бар деген заңды сұрақ та тұр-ау. Тарихтан да, бүгіннен де құныкер іздеп отырған мен жоқ. Абайға жету үшін Абайды тудырған алдыңғы дәуірге, Абай кешкен заман мен уақытқа, Абайдың өзіне жүгінуге тура келді. Ешкімнен енші адмасақ та сан ғасыр бойы бодаусыз салық төлеп келдік қой. Жат жұрт қарызымызды қайтара қоймас. Егеменді ел болдық деп отырмыз. Ендеше, бұл қазақ Абайға да қарызын қайтарсын да.

Бүгін басты проблема — қазақты, қазақтың елдігін сақтап қалу. Ол үшін алдымен Абайдың тірілгені керек. Абайдың аруағын аунатып, атын әлемге танытқан Мұхаң еді, ал рухани тірілту

процесі әлі біткен жоқ, енді басталатын сияқты. Ұлы перзентіміздің шынар биігі мен тамыр тереңдігінде өлшем жоқ. Абайтану ғылымын ендігі жерде маркизм-ленинизм методологиясымен жұптау ақылға сыймайтын әбестік. Тоталитарлық заман қыспағынан Мұхаңның айта алмай кеткен, “социалистік” реализмнің”-ноқтасын үзе алмай, бүктемеге тастап кеткен талай өкініші бар шығар-ау. Оның үстіне, әділет деген бар емес пе, Әділет!.. Әділетке Абай ғана емес, Ақтанберді бастаған қазақ жұртының ардақтылары мен игі-жақсылары да зәру. Әйтпесе, Құнанбай Абайды дүниеге әкелгеніне жазықты болып па? Әділеттің әділет сөзін естімей, аруақтар да тыныш жата алмас.

Ұлы ақынның жүз елу жылдық мерей тойы бір күнде, бір апта, бір ай, бір жылда өте шығатын әдепкі салтанат емес шығар, үш ғасырлық бұғауда тұншыққан қазақ мәдениеті Абай дүниеге келген тарихи күнді тәуелсіз елдің рухани өміріндегі жаңа бетбұрыстың бісмілләсі болар деп күтіп отыр. Тәуелсіз өркенді елдің мәдениеті, әдебиеті қандай болмақ? Бұл салада бағыт-бағдардың алғашқы нүктесі қалай бұлқынсақ та, Абайдан басталары хақ. Арғысы жүзден астам ақынды, бергісі Абайдай ақылды берген Арқа өңірі жүздің ғана, бірдің ғана отаны емес, бүкіл қазақтың зиялы қауымы мен ой-санасының отаны емес пе еді. Отан қалды, кеше ғана ойшылардың астанасы, мәдениетіміздің ошағы болған Семейді қайда қоямыз?

Сол үшін де абайтану ғылымының, абайтану институтының эпицентрі Шыңғысқа қошуі керек. Кош қайда барып қонса, ел де сонда отығады. Түбі қазақ мәдениетінің ордасы сонда ойыса ма деген арманымызды да жасырмайық. Абайтануда өдебиет институты Мұхаңнан кейін бірдеме тындырып тастады дегенге сене алмаймын. Университеттегі Мұхаң оқитын төрт жылдық курс та шөмейіп, су

аяғы құрдымға айналды, “ит жоқта шошқа үреді қораға, бай жоқта құл жүреді жораға” деуші еді, Мұхаднан соңғы ғұламалардың көбінің бойы Абай тұрмақ жадағай мінберге жетпей жатыр.

“Гении рождаются в провинциях, умирают в Париже” — деген екен Бальзак, Абайдың денесі қайда жатса, қазақтың Парижі сол жерде. Естуімше, Абай мен Шәкәрімнің басына жаңадан кесене салынбақ көрінеді. Бұған да қуаныштымыз. Бірақ, соған аруақ разы бола қояр ма екен? Бір аят құран оқып шығатын зираттың жөні бір басқа. Абайдың жөні бір басқа. Қашанға дейін Абайды музейдің экспонаты ретінде сүйрей бермекпіз?..

Абайға да, Абайдың ұрпақтарына да бүкіл Арқа өңірінің кіндігі болар мәдени комплекс керек. Оның аты — Абайкент болса керек. Ол Жидебайдан басталса керек. Мүсәпірхана мен “интурист” қонақжайынан бастап, көпшілік кітапханасын, қаламгерлердің творчестволық саяжайы мен мәслихат, өнер сарайына дейінгі көптеген құрылыстың қажеттігі өз алдына, қазақты ел деп келген бөгде көз шет қонақтың өзі де Абайдың басына бір соқпай өтпес, ұлы деген Абайды ұлтарактай шошақаға қамап отырғанымыз ұят болмас па екен?.. Жыл сайынғы Абай күндері, әдебиет пен мәдениеттің мәслихаттары, әртүрлі өнер фестивальдары, елдің ұлы-жіңгір салтанаттары Абайкентте өтіп жатса...

...Абайдың өлеңдерін ғана емес, қара сөздерін де Шыңғыстаудың жартастарына қашап жазса, артық демес еді. Қайтадан ашылған “Абай журналы” бұл азаптан құтқарып, бізді тас дәуірінен өткізіп жіберді. Азаматтарға мың да бір рахмет! Жидебайға тағы бір жетпей тұрғаны — полиграфия, компьютер, онан соң “Абай” журналы шыққан жерде “Абай” баспасы неге болмасқа. Жалғыз сиыр сауын емес, жалғыз “Жұлдыз” қанша қақтағанмен қазақ



әдебиетіне қанағат бола алмайды. “Жазушының” өзі де қожырап, жабылуға жақын қалды, Жазушылар одағы алты жүз мүшеміз бар деп күпінгенмен, ендігі жерде алты арысқа ие болатын түрі жоқ. Түбі мал иесі Абай болған соң рухани дүниемізді “Абай” төңірегіне жайғанымыз жөн шығар. “Абай” ел ішінде ғана емес, қазақтың әдебиеті мен мәдениетінің шырайы мен нұрын әлемге шашатын ұлттық тіліміздің бірі болса деген үміт және бар.

Жүз елу жыл бір-ақ адамның ғұмыры. Абай мәңгілік. Ұлы тойдың алдында ұят та болса Адайдың өзін тағы бір жұмсап, тығырыққа тіреліп қалған әдебиетіміз бен мәдениетімізді тұйықтан алып шығудың, атом бомбасының зауалынан, зомбылықтан күл басып бара жатқан киелі Шыңғысты қайта түлетудің, гено-цидке ұшыраған халқымыздың еңсесін көтерудің жолын тауып, қарманып қалсақ деймін. Етек-жеңсіз хатымды Сіздерге арнап отырғаным, Шыңғыстың махаббатын кешіп, гадауатымен алпарысқан азаматтар ғана туған жердің қасиет-қадірін білмекті, айғайласа дауысы құдайға жетпегенмен, одан төменгілердің құлағына шалынар деген дәме бар. Атадан қалған асыл болмасақ та, алтынның сынығына татиық та!..

## “СУРЕТ ЖОҚ, СИПАТ ТА ЖОҚ...”

(Мәдениет министрлігінде өткен мәслихатта  
сөйлеген сөз)

Көк тұман алдындағы келер заман  
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған  
Көп жылдар көп күнді ертіп келе жатыр  
Сурет жоқ, сипат та жоқ көзің талған,—

дегенді Абай өткен ғасырда айтып кетіп еді. “Жұмбақ адамның” нені меңзегенін дөп баспасақ та, бүгінде топшылауға болатын сияқты. “Көк тұманың” кешегі өтіп кеткен жетпіс жылдық коммунизм бе, әлде сол “көк тұман” енді басталды ма?..

Базар нарқына көшсек болды, ханға сәлем бермейміз дескен экономика сұрқынан кісі шошырлық: жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілуіне шақ қалды, алыпсатар мен алдамшылар, жымысқы мен жалмауыздар атқа қонған соң қолына күрек ұстаған жұрт жаяу қалып таңы айырылды. Мезгілдің боқырауы ма, уақыт-тың тоқырауы ма, әйтеуір, тірліктің ажары, көңілдің базары қашқан қоңылтақ та шуағы жоқ, сызы көп “көк тұманға” тап болғандаймыз. Ғылымның да, әдебиеттің де, мәдениеттің де тірі пендеге керегі жоқ, пысығы да, пысықайы да шетінен ләпкеші, делдал боламын деп екі иінін жұлып жеп жүрген өлермендер. Кеше ғана көзге болса да Ленин мен Абайды аузынан тастамайтын партократтар жайма

базарды жаулап, қойманың кілтін қолына түсіріп алған соң Ленин мен Абай тұрмақ туған әкесінің атын айтудан қалды. Әп-сәтте адам психологиясының теріс айналуы таң қалдырады. Зиялы қауымда өзін өзі жақтырмайтын, өзгенің ісін жаратпайтын қыртима мінез пайда болды, көбісіне өткеннің бәрі сағыныш, бүгінгі бұлың, кешегі ашқұрсақтың шайлығын бүгінгі “тоқтығының” байлығына теңгергісі келмей жаураған көңілін өткеннің жамау лыпасына паналатып жүр. Баяғыда Қақпан ақын айтқан екен:

Елуден есер ағаң асып қалды  
Жас дәурен енді бізден қашық қалды  
Кешегі қыз сипаған қайран тәнді  
Бүгінде жаман кемпір қасып қалды,— деп.

Алда-жалда біреу сені сипай қалса тәніңді көн тырнағандай тітіреніп, біреуді өзің сипай қалсаң көрі лақсаның шандырын ұстағандай сескенетініміз рас. Дүние тозып кеткендей, өзің де тозып біткендей кеудені зіл, кеуілді мұң басатыны да рас. Шындық солай ма, ішің солай ма?.. Әлгі Абай айтқан “сурет жоқ, сипат та жоқ” дегені осы емес пе?.. Данасы болмаған, панасы болмаған жұрттың тобырға айналатыны да рас. — Әуезовтің ролін ойнайтын герой табылмай Сәкеннің пьесасы театрдың тартпасында төрт жыл жатып қалды,— деді Әзекен

Сенерімді де, сенбесімді де білмедім. Сенбеймін десем... Маман Байсеркеновты іздеп театр жөне көркемсурет институтына бара қалып едім, тұсаулы керіктей типың желісті, тұсақ бөксе торшолақ қыздар толып кетіпті. Еркек атаулыда бойға жарымаған тек біздің буын ғана ма десем, менің де иығыма жетпейтін қотанаяқ жігіттер осында жортып жүрді. Қазақтың тілі тұрғай қазақтың иісі

шықса нағылсын, оның есесіне орысша сайрағанда ораза айының жарапазаншысы жолда қалғандай, әрине, бұл да үлкен жетістік!.. Тек қотанаяқ жігіттер мең торшолақ қыздардың төркіні институт болғанмен ұзатылар босағасы театр емес пе, бүгін герой таппай жүрген Әзекеннің соларға қараған ертеңгі күні не болмақ? Онсыз да қазақтың сөзін орысша екпінмен (ударение) қоқытып жүрген Әкем театрдың ертеңгі күні не болмақ? Тақырда тарыққан көңілдің жадырап қайтар жайлауы театр еді, драматургияны мойнына қоржын ғып байлап, оны да қаңғытып жіберген жоқпыз ба.

Бойдың шарғысы — мүкістік, ойдың шарғысы — бітеулік, ал тілі жарымжанның шынайы сезімі сыртқа шыға бермесе керек, мұның да түбі мүгедектік. Он миллион қазақтан жалғыз институтқа жетесі түзу шәкірт табуға құлық болмады ма, “мұртына қарай іскегі, сабасына қарай піспегі” деуші еді, әлде мынау “суреті жоқ, сипаты жоқ” заманға тек жабы ғана жарасады дедік пе? Әрине, сахнада сан түрлі кейіпкер бар, мүгедектің де ролін ойнауға тура келеді. Бірақ, сол үшін міндетті түрде мүгедек дайындаудың қажеті қанша? Кешегі ағаларды, тіпті бәрін емес, бір ғана Қалибек Қуанышбаевтың түр-тұлғасын еске түсірелікші. Сол Қаллеки соқырдың да, мылқаудың да ролін ойнаған жоқ па еді. Бүгінгі күнге тұлпардың тұяғы — Жантөриндер көптік қылатын ба еді? Сол Жантөринді де нағыз кемел шағында, таланты тулап тұрған шағында театрдан қуып, өкшелеп барып кинодан да ығыстырып мешке отырған мысықтай қылған жоқ па едік. Енді аяулы ағаның бейнесін әр елдің экранынан жинап ала алмай отырған түріміз мынау. Нұрмаханның өз шаңырағында ашылмай қалған ажары, ойналмай қалған ролі, жанбай кеткен бағы болса, оның обалы да тірінің мойнында. Ұлы актерден, ұлы актердің елінен

кешірім өтінудің орнына, оған қысастық жасаған кейбір кішкентай “наполеондар” айдарынан жел есіп түшкірместен жүріп жатыр. Тахаң (Т. Ахтанов) мінберден айтқан сөзінде: “кең болайық, бір-бірімізге атамыздың құнын кешірейік” — деді. Әрине, кең болғанға не жетсін. Бірақ, қазақ: “алдыңа келсе атаңның құнын кеш!” — дейтін. Алдыңа келсе ғана. Адам кешіргенмен Алла кешірмейтін күнә бар. Аруақ алдындағы күнәні кімнің мойнына жүктейміз? Қысастық үшін, қиянат үшін бүгін болмаса ертең, таңдамақшарда да жауап беруге тура келер-ау!..

Тұңғышбайдың (Т. Жаманқұлов) сөзінен ұққаным — Әкем театрындағы талантты деген жігіттердің де мұртына май қатып жүргені шамалы сияқты, ортаңқолдай дарынды ортақолдың омақа асыра құлата салуы оп-оңай көрінді. Әлгі институт қабырғасындағы торшолақтар мен қамытаяқтардан ертең тым болмаса режиссер деген ағайынның бетіне тік қарап, тікесін айтар Тұңғышбайлар шыға қояр ма екен?.. Жә, шаранасымен келген кемісті табиғаттың өзі де түзете алмайды. Ал, жүре жабысқан дәнекүстікті қайтеміз? Соның бірі тіл... Ұзындығы қасиет емес, қысқалығы қорлық. Әуелгісін сыпсың мен сумақайдың сыбағасына қалдырдық, ал қысқалығынан қор болып жүрген әуелі жазушы, сонан соң сахна. Түптеп келгенде екеуі бірдей оқушы мен көрерменнің соры. Бүкіл Еуропаға француз тілінің мәдениеті қаншалық әсер етсе, жалпақ түрікке қазақ тілінің әсері де сондай деп Радлов мақтайтын қайран қазақ тілінің күні не болды?

Бір халықты жоқ қылып жіберу үшін оның ұрық-шарқын оққа байлаудың қажеті жоқ, кәсібінен айырса жетіп жатыр дегенді Л. Толстой айтып еді. Қазақты малынан айырып, оп-оңай қырып салдық. Тілден айыру да оп-оңай екен.

Ұлыдержавалық шовинизмнің өктемдігін, өкімет тарапынан болған қысымды айтпай-ақ қоялық. Халықтың сан ғасыр жиған ауыз әдебиетін архивке апарып тыға салса, Ана тілінің жаназасы деген осы. Феодализмді дәріптеді, дінді уағыздады, кертартпалық пен реакцияның жаршысы деп мөр басып, үкімді шығара сал! Рухани, мәдени мұрадан алтын қорымызды сызып тастап, таптағанымыз үшін, даттағанымыз үшін атақ-дәреже алған күндеріміз де болған. Қазақ тілінің бар байлығы, сөздік қоры, сөздік құрамы ауыз әдебиетінде екенін кім ескеріпті? Әліппеден алып таста, оқулықтан алып таста, кітапханадан алып таста! Адамның аузын тігіп тастау деген осы емес пе!.. Келер ұрпағың — сәбиді тілашардан айырсаң, тіл мәдениетін жасап жүрмін деген жазушыны сөздік қордан айырсаң, шопанды — шабан демегенде, қазыны — аттың колбасасы демегенде қайтесің!

Менің алдымда мінберге шыққан шешендердің бірі: бүгінде режиссер атаулы репетицияны орысша жүргізетін дертке шалдықты деді. Режиссерлердің де қазақ тілінің шекесін қыздырып жатқаны шамалы. Бірақ, қазақша аузың қайсы десең, мұрнын көрсететін артистпен репетицияны орысша жүргізбегенде қайтсін.

Қазақ, ағама жеңгем сай деуші еді. Несін айтасың, бүгінде шәкіртке ұстаз сай болып тұр. Бүкіл театр институтында екі профессордан басқа қазақша дәріс беретін бір де бір оқытушы жоқ екен. Бәлкім осы халді ескерген шығар, комиссия мүшелері, емтихан қабылдаушылар институтқа жарым сарт, жарым шүршіт, жарым орыс, қазаққа жақындығы жарты мысқал кіл дүрегейлерді қабылдапты деген қауесет бар. Бұған оқығаны, тоқығаны көп дейтұғын театр зерттеушілерінің бір де бірінің қазақша көк тебенді көлденең шаныша білмейтіндігін қоссақ, көрмеге баратындай

пәғәнәйымыз жарасып-ақ түр. Кезінде Мен Ден Ук: менің артистерім құр жаттағаны болмаса, корей тілінен мақұрым деп жылаушы еді. Біздің театрымыздың да озып кеткені шамалы.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болды. Заң қабылданды. Енді театрға, театр институтына бола тағы бір заң керек пе? Заң болмаса да бір реформаға пара-пар ауқымды іс қажет-ақ. Ал, оған дейін...

Біріншіден, институттың оқу жүйесінің түгелдей қазақша болуы міндетті.

Екіншіден, арнайы жоғары оқу орындарындағы филология, журналист факультеттеріндегідей қазақ тілін төрт жыл қатарынан негізгі пәннің бірі ретінде орфографиясынан бастап морфология, фонетика, синтаксисіне дейін толық курс етіп енгізу керек.

Үшіншіден, қазақ әдебиеті, оның ішінде фольклор негізгі пәнге теңестіріліп, профессионал әдебиетшілердің дәріс бергені жөн. Кезінде Мұхтар Әуезов университетте ауыз әдебиетін екі курсқа бөліп, екі жыл ұдайы оқитын. Ұлы жазушы ұлы педагог те бола білді. Студент дәптеріне түспейтін, сыбырмен ғана айтылатын (заман солай болды), Әуезовтың ғана аузынан шығатын талай-талай ұғатты әңгіме көкірегімізде жатталып қалды. Одан қор болғанымыз жоқ.

Төртіншіден, көнерді деп сырт теппей, тіл ұстарту мақсатында студенттік жаттығуларға, спектакльдерге қазақ жазушыларының этюд, скетч, интермедия, драма жанрындағы шығармалары көбірек енгізілсе.

Бесіншіден, қай театр болмасын, қай мезгілде болмасын студенттерге есігі ашық, орны тегін болсын. Өз басым театрдың табалдырығын тоздырып жүрген театр институтының студенттері дегенге қатты күмәнім бар.

Кезінде қазақ әдебиетінің классиктері аудармаға көп мән берді. Соның нәтижесінде сахнаға

Шекспир, Мольер, Лопе де Вега, Островский, Гоголь, Чеховтар келді. Бұған екі түрлі себеп болды.

Бірінші, төл әдебиетімізге драматургия жанры кештетіп келді. Жол бастаған ағалардан отызыншы жылдардың зобалаңында айырылып қалдық та, кейінгі “шала Шекспир, толыспаған Толстойларға” үлгі керек болды. Енді ғана қалыптаса бастаған театр өнеріміздің жағдайы да осындай еді. Бұған да озық үлгі, даяр репертуар қажет еді.

Екінші, тасқа басылған дана сөз тұрмақ, ауыздан шыққан “артық” сөзді андып отырған цензура, Абайдың өзін антұрған деп айыптап анафемаға беріп қойған советтік идеология ел уайымын, ұлттың мұң-мұқтажын айтқызбай драматургтердің екі елі аузына бес елі қақпақ қойды да, ұлттық өнерімізді атышулы социалистік реализм дейтуғын ассимиляцияның тас қауызына апарып қамады. Осы кезде Әуезов, Мүсірепов сынды жанкешті қайраткерлеріміз аудармаға ден қойды да, ел уайымын, ұлт трагедиясын қиялап болса да жұрттың құлағына салу үшін бөтен елдің бөгде авторларынан үндес туындылар іздеді. Сол үндестікті өткен ғасырлардың сарынынан тапқан еді. Мұның астарын көрсөқыр бітеуқұлақтар кезінде түсінген жоқ, “көкірегінде көзі барлар” сезді де іштен тынып үндеген жоқ. Сонымен, аударма қазақ драматургиясының, театр өнерінің қалыптасуына, ұлттық сана-сезімді оятуға үлкен септігін тигізді. Бір кезде Әкем<sup>1</sup> театрының екі спектаклінің біреуі аударма пьеса болса, оның мәнісі осындай. Құдайға шүкір, кәзір де кенде емес. Әкем театрының қақ маңдайындағы 5 афишаға қараңыздаршы: екі бірдей Саидахмад, үшіншісі Шекспир, төртіншісі Айтматов, бесіншісі болып Әуезов босағадан сығалаған жетім баладай өрен

<sup>1</sup> Академиялық театр.



сиып түр. Әкем театрының әлдебір “жанашырлары” мұны дәстүр дегенсиді, Әзекеңе салсақ, қазақта драматург жоқ дейді. Меніңше, екеуі де бекер айтады. Алдымен Әзекеңе бір сауал: Саидахмадтың “Келіндер көтерілісінен”, “Күйеуінен”, Қ. Мұхамеджановтың “Бөлтірігі...” немесе “Құдағи келіптісі” кем түсіп пе? Ал, әлдебір “жанашырмен” айтысып көрелік.

Шүкір, егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болдық деп отырмыз. Ауыздық алынып, арқа-бас кеңіген сияқты. Театрларымыз балалықтан әлдеқашан кетіп, есейгенді былай қойғанда қартай-ыңқырап та қалған тәрізді, жұртқа нені, кімді көрсетем десе де тізгіні қолында. Драматургиямыз да шалалықтан арылды. Не жазамын десең де, қаламыңды қағып отырған, не айтамын десең де аузыңды бағып отырған ешкім жоқ. “Көтеремді отқа айдасаң жоққа қашады” деуші еді, еркіндік тигенде төл туындыға жүгінбей көшірмеге жүгіретіндей не зор келді? Аударма емес, көшірме! Бұл енді дәстүр емес, дертке айналған құбылыс. Әсіресе театр өнерінде. Жасыратыны жоқ, көшірменің некелі әкесі, Әкем театр кіндігін кескен Әзекең. Бұл жерде мен көшірме спектакльдерді айтып отырмын.

Айтары жоқ, Мәскеуден алғанмыз көп. Әсіресе өнер саласында кедір-бұдырымызды сыптауда, интеллектімізді жұптауда әділ қазылық жасады. Бар жиған-тергенімізді Мәскеуге апарып көрсетіп, мақтаса бөркіміз қара қазандай, даттаса құлдық ұрған кезімізді ұмытуға болмас. Дүниежүзілік классиканы да Мәскеуден қарызға алдық. Қай автор қай театрда жүріп жатыр, қай режиссер қалай қойып жатыр деп өуелде ұстаз іздедік те, артынан Шекспирден Чеховқа дейін әркімнің сахнадағы қолтаңбасын қойыртпақтатып көшіріп алып келдік. Обалы өз алдына, ал жаңғы-рықтығымызға Мәскеу кінәлі емес. Көгерменді театрдан бездірген де осы

көшірмелер, өз уайымы шаш-етектен болып жатқанда қайта-қайта өзгенің уайымын тыңдай беруге жалықты. Мінеки, меніңше Әкем театрының сырықтан құлаған тудай етекке сырғанап түсуінің басты себебі осы. Бірақ, мұны режиссерлер мойындаған емес, коллектив қор тұтқан емес. Керісінше, кезінде мақтаныш санап, қауым боп таз кепешімізді аспанға аттық. Режиссерлер төл туындыларды тастай беріп Шекспир мен Чеховқа еншілес болуға ұмтылды. Атақты да, абыройды да, шен-шекпенді де шекспирлердің омырауынан тартып алатындай болысқан. Мұның да жөні, логикасы бар еді. Өйткені ол кезде әдебиетте де, өнердің әр саласында да номенклатуралық классиктердің әр республикада жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаулап келе жатқан шағы болатын. Атақты да, дәрежені да, жұлдызды да, әр түрлі лауреаттықты да омырауынан орын табылмаса балағына дейін тағынған солар еді, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, олар мінберге бір шықса қайтып түсірер альтернатива табылмаған. Номенклатуралық классик болудың басты шарты — өз арғыма-ғыңды басқа теуіп, біреудің керігін малдану, өз мәдениетінді жарытпай жүріп, өзгенің мәдениетінен бейхабар болсаң да соның өкілдігіне жармасу, ауылдағы ардақтының аузы сасық деп біреудің есікте жатқан бейбақ басын төрге сүйреу. Интернационализмнің тонын жамылып, өз халқыңның тарихы мен мәдениетін қайыр-шының қанжығасына байлап жібергендер де болған. Ал, оның ар жағында рухани колонизация мен идеологиялық экспанцияның жатқанын ол шіркіндер аңғарған да жоқ. Кезінде күшпен таңылған қиянатқа кейін өзіміз барып сүйкендік.

“Бір қызым бар сорақы, бір қызым бар одан да өткен сорақы” депті бір байқұс. Басқа театрлардың күні Әкем театрдан да бетер шығар? Тебіннің

сонысына түсу үшін алдымен серкені қақпайлап қар бұздыратын. Қарашаңырақтың уығын қайта-қайта сілкілей бердік-ау деген ұғым тумаса керек. Қарашаңырақ қашанда өнеріміздің көш басында болған. Сондықтан оның тағдыры мен уайымы кімді болса да тыныш ұйықтатпасы кәміл. Өйткені ол бір адамның, ия бір коллективтің монополиясы емес, бүкіл қазақтың ұлттық ен-таңбасы — мұрасы да сонда, бүгіні де сонда, болашағы да сонда. Театрларымыз тоқырады деген бір ұғымның қалыптаса бастағанын жасырмаймыз, енді сол беріш боп қатпай тұрғанда түбегейлі әрекет керек және де ол Әкем театрдан басталса керек-ті. Әзекең Әкем театрға барын берді, сарқып берді. Тоқырау қоғамда ғана емес, творчество адамының басында да болатын құбылыс. Театрды үнемі шырқау биікте ұстап тұру үшін бір ғана жетекшінің фантазиясы жеткіліксіз. Оның үстіне фантазия да шексіз емес, әр спектакль тұтас бір коллективтің таланты мен творчестволық ізденісін талап етеді.

Өнердің тұңғышы — театр. Драматургия көркемсөздің жанры болып дүниеге келмей тұрып-ақ театр өмір сүрген. Десек те бүгінгі театрдың драматургиясыз тірлігі қараң. Ал, драматургтеріміз әзірге бейғам. Бүкпесіз пікір, жария дауыс науқанының бас кезінде жазушы деген жұрағат жапа-тармағай лап қойып еді, бірақ, оның жемісі газет-журналдың публицистикасынан аспай қалды. Ес жиылды, ақыл тоқтады, енді ойлы дүниеге орын керек. Ол үшін драматургтердің ынтасын қоздырмаса театрға да қозғау түспейді. Бұл жанрдың қаламақысы өмір-бақи автордың маңдай теріне татыған емес. Естуімізше жаңа тарифтің аласасы жиырма бес мың болыпты деседі. Мұның өзі де сомның баяғы номиналдық құнына шаққанда екі жарым-ақ мың екен. Күн сайын қымбаттап, шырқап бара жатқан бағаны қуып жете алмай

шерменде болған қаламгерлер бұрынғы үш мың теңгелік таз телпегіне де зар болып қалған жоқ па?

Спектакльдің қойылымдарынан түсетін болымсыз бақырдың мөлшері сегіз процент еді. Оның бір процентін ВААП-тың жергілікті өкілі жырымдап қалады, ВААП-тың өзі де өз сыбағасын өлсе жібермейді, бір процентіне кәсіподақ жармасады, пенсия қоры бір процентін жұтады, он екі процент көлденең табыс салығы дейтіні тағы бар. Авторды бүйтіп қорғаған ВААП-ың адыра қалсын-ай! “Мә сәңгә, мә сәңгә, шөнтөк қалды Хасангә” дейтін өзбек бауырлардың мақалы бар еді, автор сорлы жетінші атасының жиенінен туған жиеншарларына қырық серкешін таратып беріп, құр шөнтөкті ұстап қала береді. Мейлі, нағашы болса жиен қашанда табылады ғой, тек Мәдениет министрлігі сол сегіз проценттік садақасын ең болмағанда жиырма процентке жеткізіп берсе де драматургтер дән разы.

... Алаған қолым — береген! Бұл, пьеса — қаламақы деген ұғым емес. Театр — драматург, керісінше айтсақ, драматург — театр деген сөз.

**1992.**

## МАЗМҰНЫ

Көбе астындағы көк ине . . . . .	3
Көкжиекке сіңген із . . . . .	17
Кейінгі ұрпақ келешекке кепіл бола ма? . . . . .	24
Атадан қалған асыл болмасақ та . . . . .	37
Сурет жоқ, сипат та жоқ . . . . .	57

**Қалихан Ысқақ**

### **КЕЙІНГІ ҰРПАҚ КЕЛЕШЕККЕ КЕПІЛ БОЛА МА?**

*Мақалалар*

Редакторы *А. Естен*

Техникалық редакторы *Т. Суранова*

Компьютерде көркемдеген *Г.Сәрсенбаева*

Басуға 08.04.2003 қол қойылды. Пішімі 70x100<sup>1/32</sup>  
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Таймс”. Шартты баспа табағы  
2,9. Шартты бояу көлемі 2,7. Есептік баспа табағы 2,5.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс 335.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігінің “Білім” баспасы,  
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Тапсырыс берушінің файлдарынан «Атамұра» кор-  
порациясының Полиграфия комбинатында басылды,  
480002, Алматы к., М. Мақатаев к., 41-үй.